

ӘОЖ 373.167.1:94  
Д 87

Авторлары:

**Б.С. Букаева, Г.Б. Зикирина, Ж.С. Макашева,  
Д.Н. Мукатаева, И.А. Тен**

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
сарапшыларымен келісілген

**Шартты белгі:**



– сандық білім беру ресурсы. Сиртеме: <http://play.nis.edu.kz>

**Дүниежүзі тарихы.** Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған  
Д 87 оқулық /Б.С. Букаева, Г.Б. Зикирина, Ж.С. Макашева және т. б. – Астана: «Назар-  
баев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017. – 112 б., сур.

ISBN 978-601-7916-19-0

ӘОЖ 373.167.1:94

ISBN 978-601-7916-19-0

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017

## Мазмұны

<b>Кіріспе</b> .....	9
<b>1-тарау. Терімші-аңшылардан бастап, егіншілер мен мал өсірушілерге дейін</b> .....	9
§1. Алғашқы адам қалай пайда болды?.....	10
§2. Неліктен ежелгі адамдар Ласко үңгірінің қабырғаларына сурет салған?..	12
§3. Неліктен адамдар егіншілік және мал шаруашылығымен айналыса бастады?.....	16
<b>2-тарау. Өзен алқаптары өркениеттері</b> .....	19
§4. Неліктен ежелгі өркениеттер өзен алқаптарында дамыды?.....	20
§5. Өзен алқаптарындағы өркениеттер туралы қалай біле аламыз?.....	22
<b>3-тарау. Ежелгі Египет</b> .....	25
§6. Неліктен Египет «Қара жер» деп аталған?.....	26
§7. Ежелгі Египет пирамидалары қалай салынды?.....	28
§8. Пунт жеріне перғауын Хатшепсут кемелерін не үшін жіберді?.....	30
§9. Ежелгі Египет тұрғындарының өмірі туралы Тутанхамон табытханасы қандай сыр шертеді?.....	32
<b>4-тарау. Қос дөңгелекті арбалар және империялар</b> .....	35
§10. Қос дөңгелекті арбаның пайда болуы әлемді қалай өзгертті?.....	36
§11. Хаммурапи патша Вавилонды қалай қуатты империяға айналдырды?.....	38
§12. Таяу және Орта Шығыстағы ежелгі империялар неліктен қуатты болды?..	40
§13. Ежелгі Орта Азия империялары қаншалықты қуатты болды?.....	44
<b>5-тарау. Ежелгі Үндістан: буддизмнің гүлденуі мен индуизмнің триумфі</b> .....	49
§14. Ежелгі Мохенджо-Даро қаласы қалай жойылып кетті?.....	50
§15. Неліктен Ежелгі Үндістанда индуизм буддизмнен басым болды?.....	52

ге бөледі. Олар, өз кезегінде, маңызды ерекшеліктері бар жекелеген кезеңдерге бөлінеді. Бұндай кезеңдер «дәуірлер» деп аталады.

Ежелгі дүние тарихы – бұл дүниежүзі тарихының бастапқы үлкен бөлігі. Бұл дәуір – адамзат тарихындағы ең ұзақ кезең. Бұл курсты зерделеу барысында сендер алғашқы адам Африкада, шамамен, бұдан екі жарым миллион жыл бұрын пайда болғаны туралы білетін боласыңдар.

Адамдар әлі жазуды білмеген кезде тарихты мифтер, ертегілер, аңыздар түрінде ауызша әңгімелеп, таратқан. Жазудың пайда болуына дейінгі кезеңді «тарихқа дейінгі уақыт» деп атайды. Уақыт өте келе ежелгі өркениеттер қалыптасты: Египет, Ежелгі Месопотамия, Ежелгі Грекия, Ежелгі Қытай және т. б.

Сендерге дүниежүзі тарихымен танысуды бастауға осы оқулық көмектеседі. Ол барлық сұрақтың жауабын бермейді, тек тарихи оқиғаларды талдауға және жеке дәйекті қорытындылар жасауға үйретеді. Оқулықта сендерге көмек ретінде төмендегідей оқу айдарлары берілген.

<b>Айдар атауы</b>	<b>Айдар мазмұны</b>
<i>Тірек сөздер</i>	Бұл тақырыпта қарастырылатын жаңа түсініктер мен тарихи терминдер
<i>Ойланып көріңдер</i>	Шағын зерттеу жүргізуге арналған тапсырма
<i>Тарихи тұлға</i>	Шағын мәтіннен сендер тарихи оқиғаларға қомақты үлес қосқан тұлғалар жөнінде қызықты әрі маңызды мәліметті білетін боласыңдар
<i>Бұл қызықты</i>	Сабақ тақырыбымен байланысты қызықты мәліметтер беріледі.
<i>Ойлаңыздар</i>	Бұл айдардың негізінде сендер сыни тұрғыдан ойлауды және оқиғаларға талдау жасауды үйренесіңдер.
<i>Орындап көріңдер</i>	Сендерге сыныпта өздігінен орындай алатын тәжірибелік тапсырма беріледі
<i>Анықтаңдар</i>	Сабақта қарастырып жатқан оқиға туралы сендерді ойлануға бағыттайтын сұрақтар
<i>Рефлексия</i>	Бұл айдарда тақырып бойынша алған білімдеріңді дамыту және бекіту үшін сұрақтар мен тапсырмалар берілген

Тарихтағы барлық оқиға белгілі бір ретпен зерттеледі. Алдымен, ертеде болған оқиғалар қарастырылады, содан соң, кейінгі оқиғалар зерделенеді. Бұны хронология деп атайды. Тарихи оқиғалардың мерзімін есте сақтауға, олардың хронологиялық ретін айқындауға сендерге уақыт сызығы көмектеседі.



Уақыт сызығындағы дүниежүзі тарихының кезеңдері

Тарихта болған оқиғалар туралы біз қалай біле аламыз? Бұл үшін тарихи деректер, ежелгі кезеңде өмір сүрген адамдардың өмірі мен сол кездегі оқиғалар туралы мәлімет беретін түрлі материалдар пайдаланылады. Тарихи деректер бірнеше түрге бөлінеді.

Заттай	Жазбаша	Ауызша	Өнер туындылары
Еңбек құралдары Киім үлгілері Қару-жарақтар Әшекей бұйымдар Баспана түрлері Ақша түрлері Тұрмыста пайдаланылатын заттар	Заңдар Жарлықтар Ғылыми еңбектер Тарихи шығармалар Жылнамалар Хроникалар Кітаптар	Мақал-мәтелдер Жұмбақтар Әндер Мифтер Ертегілер Аңыздар	Архитектуралық ескерткіштер Мүсіндер Үңгірдегі суреттер Жартастағы суреттер Қолданбалы өнер туындылары
			

Тарихты зерделеу төмендегідей маңызды дағдыларды қалыптастырады:

- тарихи оқиғаларды сипаттай отырып, өз пікірін айта білуге;
- тарихи тұлғалардың іс-әрекеттерін сипаттауға;
- ежелгі адамдардың шаруашылығы мен мәдени дамуын сипаттауға;
- мәтін, суреттен ең маңыздысын таба білуге;
- мәліметті іріктеуге, рет-ретімен орналастыруға;
- тарихи картадан қажетті мәліметті табуға;
- түрлі ақпараттық дереккөздерден мәлімет іздеуге және оны іріктеуге;
- түрлі тарихи кезеңде және түрлі елдерде өткен тарихи оқиғаларды салыстыруға;
  - тарихи оқиғалардың негізгі және жанама, маңызы жоғары және маңыздылығы төмен аспектілерін анықтауға;
  - тарихи хронологияны анықтау мақсатында уақыт сызығымен жұмыс істеуге;
  - тарихи деректерді талдауға және интерпретациялауға (түсіндіруге);
  - зерделеген оқиғалар мен үдерістерді бүгінгі күнмен байланыстыра білуге үйретеді.

«Тарих – өткен заманның сабағы, болашаққа өткеннің өсиеті», – деп Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқан болатын. Тек тарихты білетін адам ғана өзін шынайы білімді деп есептей алады. Тарихты оқыңдар, ол көзқарастарыңды кеңейтеді және сендерді адамзаттың дамуы туралы ойлануға үйретеді!

Сәт сапар!

## 1

# Терімші-аңшылардан бастап, егіншілер мен мал өсірушілерге дейін

## СЕНДЕР ҮЙРЕНЕСІҢДЕР

Сендер дүниежүзі тарихының алғашқы кезеңін зерттеуді бастағалы отырсыңдар. Бұл тарауды зерттей отырып, алғашқы адамдардың қалай және қайда пайда болғанын, олардың түр-сипаты қандай және оның уақыт өте келе қалай өзгергені туралы білетін боласыңдар. Сонымен бірге сендер адамдар қоршаған ортаны қалай елестеткені жайлы білесіңдер.

Ежелгі адамның бүкіл өмірі тіршілік үшін күреспен өтіп жатты. Ежелгі адамдар табиғаттың заңдылықтарын тани отырып, топтасып өмір сүруге үйренді.

Адамдардың алғашқы баспанасы үңгір болған. Ежелгі үңгірлердің қабырғаларында қазіргі күнге дейін алғашқы адамдардың суреттері сақталған. Сендер алғашқы қауымдық кезеңдегі суретшілердің салған суреттерінің ерекшеліктерін анықтап, әртүрлі географиялық аймақтарда табылған жартастағы суреттердің неліктен бір-бірімен ұқсас екенін түсінесіңдер.

Алғашқы адамдар аңшылар мен терімшілер болған. Бірте-бірте олар табиғатта бар, дайын өнімді ғана пайдаланбай, өздері де өмірге қажеттіні жасай бастады.

Тарауды зерделеп, сендер алғашқы адамның қалыптасқан кезеңін, алғашқы қауымдық өнердің пайда болған уақытын анықтауды және, уақыт сызығымен жұмыс істеуді үйренесіңдер.

## Ойланып көріңдер

- Ежелгі адамдардың басты кәсібі аңшылық болған. Неліктен?
- Суретке қарап, алғашқы адамдардың мамонттарды қалай аулағанын әңгімелеңдер. Неліктен адамдар осындай ірі жануарларды аулаған?
- Ежелгі заманда от ұзақ уақыт бойы белгілі бір жерде жанып тұруы мүмкін еді. Қалай ойлайсыңдар, себебі неде?



# §1

## АЛҒАШҚЫ АДАМ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

### Бұл сабақта сендер:

- адамның шығу тегі туралы теориялармен танысасыңдар;
- не себепті ежелгі адамдардың тобырға біріккенін білесіңдер;
- рулық қауым мен тайпаны салыстыруды үйренесіңдер.

палеолит  
эволюция  
адамның типі

Ежелгі тарих 4 кезеңге бөлінеді: тас дәуірі (2,5 млн жыл – б.з.д. III мыңжылдық бұрын), мыс-тас дәуірі (б.з.д. IV–III мыңжылдық), қола дәуірі (б.з.д. II–I мыңжылдық), темір дәуірі (б.з.д. I – б.з. I мыңжылдығы).

### Суреттерді сипаттаңдар.



2,5 млн жыл  
бұрын –  
«епті адам»  
(аустралопитек)

1,5 млн жыл  
бұрын – 200 мың  
жыл бұрын – «тік  
жүретін адам»  
(литехантроп,  
синантроп)

100–35 мың  
жыл бұрын –  
«ежелгі  
қазба адам»  
(неандертальдық)

Б.з.д. 40–35 мың  
жыл бұрын –  
«саналы адам»  
(хромальондық)

## АЛҒАШҚЫ АДАМДАР

Ежелгі адамдар шамамен 2,5 млн жыл бұрын Африкада пайда болды. Қазіргі ғылымда ежелгі адамдардың пайда болуы туралы ғарыштық, діни және эволюциялық теориялар бар.

Аустралопитек («епті адамның») сүйектері Африкадан, питекантроптың қалдықтары Ява аралынан, ал «синантроп» деп аталатын адам типі Қытайдан табылған. Археологтар Германияның Неандерталь өңірінен неандертальдықтардың қалдықтарын тапқан. «Саналы адамның» – кроманьонның сүйектері алғаш рет Францияның Кро-Маньон үңгірінен табылды.

### ПАЛЕОЛИТ

1931 жылы Шығыс Африкадағы Олдувай шатқалында маңызды жаңалық ашылды. Ағылшын археологі Луис Ликидің басқаруымен ғалымдардың бір тобы жер қыртысының түрлі қабаттарынан тастан жасалған еңбек құралдары мен жануарлардың сүйектерін тапқан. Археологтардың болжамы бойынша, бұл артефактілер ежелгі адамдар жасаған заттар болуы мүмкін. Кейін алғашқы адамдардың сүйектері табылды. Ғалымдар оны «епті адам» деп атады. Адамдар еңбек құралдарын тастан жасаған алғашқы уақытты **палеолит** немесе **ежелгі тас ғасыры** деп атайды.

#### Не себепті ежелгі адам өзгерді?

Кесте бойынша адамның түрлі **типтерін** сыртқы түр-әллеті бойынша салыстырыңдар.

- Қалай ойлайсыңдар, адамның даму **эволюциясы** қалай жүріп жатты?
- Ми мөлшерінің артуы нені білдіреді?

Сурет бойынша анықтаңдар.



Қалай ойлайсыңдар, ежелгі адамдардың бұл еңбек құралдары қалай аталуы мүмкін?

- Оларды не үшін пайдаланды?
- Ежелгі адамдардың негізгі кәсіптерін атаңдар.
- Отты игеру адамның өмірін қалай өзгертті?

Логикалық тізбекті құрастырыңдар.



Рулық қауым



Алғашқы адамдар тобыры



Тайпа



## §2

НЕЛІКТЕН ЕЖЕЛГІ АДАМДАР ЛАСКО  
ҮҢГІРІНІҢ ҚАБЫРҒАЛАРЫНА СУРЕТ САЛҒАН?**Бұл сабақта сендер:**

- ежелгі адамдардың өмірін сипаттайсыңдар;
- алғашқы қауымдық өнердің ерекшелігін анықтайсыңдар;
- тотемизм, анимизм, фетишизм, магияның пайда болу себептерін түсіндіресіңдер.

алғашқы қауымдық өнер  
петроглиф  
тотемизм  
магия  
анимизм  
фетишизм

Палеолит дәуірінде алғашқы адамдар жануарлар дүниесінен бөлініп шықты. Олардың ойлау, сөйлеу қабілеті қалыптасты. Ежелгі адамдар от жағуды меңгеріп, тастан жасалған еңбек құралдарын жетілдірді және сурет салуды үйренді. *Алғашқы қауымдық өнер* кейінгі палеолит дәуірінде қалыптасты.

**Ласко үңгіріне саяхат**

Францияда кейінгі палеолит дәуіріне жататын Ласко үңгірі табылған. Осы үңгірге келдіңдер делік. Сендерді не таңғалдырды?



Бұғы аулау



Аң аулау көрінісі



Қара бұқа



Шауып келе жатқан жылқы

Ласко үңгірінің қабырғаларына, шамамен 2 мыңнан аса сурет салынған. Аңдардың суреті шынайы бейнеленген. Ласко үңгірінде тек жануарлардың суреттері ғана емес, сонымен бірге аң аулау көріністері де кездеседі.



Бизондар табыны. Альтамира, Испания

#### Бұл қызықты

1879 жылы археолог Саутуола және оның тоғыз жасар қызы Мария үңгірлердің біріне барады. Олар үңгірдің ішіне кірген кезде Мария төбеге қарап, айқай салады: «Әке! Қараңыз! Бұқалар!». Әкесі қызы нұсқаған жаққа басын көтеріп қарап, үңгірдің төбесінен қара және қызыл бояумен салынған бизондардың бейнесін көреді. Осылайша Испанияның Альтамира үңгірінің ежелгі суреттері әлемге танымал болды.

#### Ежелгі пір тұту (культ)

Археологтар тапқан мүсіндердің арасында мамонт пен басқа да аңдардың сүйегінен және тастан жасалған әйел адамдардың шағын мүсіндері кездеседі. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл анаға табынушылықпен байланысты. Культ – табыну, құрмет нысаны.

- Не көріп тұрсыңдар?
- Қандай сезімде болдыңдар?
- Суреттерге қарап және төменде берілген сөздерді қолданып, үңгірлік сурет салу өнері туралы әңгіме құрастырыңдар: жүйрік, шалшаң, айбатты, қатал, сергек, әлсіз, қуатсыз.

#### Анықтаңдар

- Суреттер бізге ежелгі адамдардың өмірі туралы қандай мәлімет береді?
- Неліктен олар жануарларды бейнеледі?

#### Ойланыңдар

- Неліктен ежелгі суретшілер үңгірдің адам қолы жетпейтін жерлеріне сурет салған?
- Ежелгі суретшілер қандай бояулармен сурет салды?



Палеолиттік Венера

## АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМДЫҚ ӨНЕР ҚАНДАЙ БОЛДЫ?

Ежелгі суретшілердің алғашқы туындылары үңгір қабырғаларына немесе жартастарға қашалып, бояумен салынған жекелеген белгілер немесе бейнелер болған. Оларды ғалымдар *петроглифтер* деп атайды. Археологтардың мәліметтері бойынша, тастарда күн мен айдың, адам алақаны пішінінің бейнелері кездеседі. Бұл ежелгі адамдардың ой-өрісінің дами бастағанын білдіреді. Олар күн мен түннің ауысуы туралы, сонымен қатар адамдардың жануарлардан айырмашылығы жөнінде де ойлай бастады.




«Билеп жүрген» бизон.  
Альтамира, Испания

### Бұл қызықты

Альтамира үңгіріндегі жартастағы суреттер 1985 жылы ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралары тізіміне енгізілді. Сол үңгірдің төбе жағында бұдан 15 мың жыл бұрын салынған ежелгі суретшілердің 20-дан аса көркем суреттері бар. Онда бизондар, қабандар, жылқылар бейнеленген.

### Бұл қашан болды?

Уақыт сызығы арқылы алғашқы қауымдық өнердің пайда болу дәуірін анықтаңдар.





### Сурет бойынша анықтаңдар

- Адамдардың әрекеттерін сипаттаңдар.
- Қалай ойлайсыңдар, олар не істеп жатыр?
- Суретке атау қойыңдар.

### ТАБИҒАТҚА ТАБЫНУ

Ежелгі адамдар өз пайымдаулары бойынша, әрбір ру белгілі бір қасиетті жануар немесе өсімдіктен тараған деп ойлаған. Осындай наным-сенімдер **тотемизм** деп аталады. Адамдар "тотем аштық пен бақытсыздықтан сақтайды, азық береді, аңшылықта сәттілік әкеледі" деп сенді. Сонымен қатар ежелгі адамдар қайтыс болған адамның жаны мен аруағына да сыйынды. Себебі, олар табиғаттың көптеген құбылыстарын түсіндіре алмады. Ежелгі адамдар не себепті найзағай жарқылдайтынын, жаңбыр жауатынын, топан су басатынын және т.б. құбылыстарды білмеді. Олар бұл құбылыстарды тылсым күштер іске асырады деп есептеді. Табиғат құбылыстарын дәріптеу және олардың жаны бар деп есептеу **анимизм** деп аталады. Ең құдіретті аруақтарды адамдар құдайлар деп санаған. Осылайша ежелгі адамдардың тылсым күштерге деген діни сенімдері пайда болды.

Алғашқы діни сенімдеріне **магия** мен **фетишизм** де жатады. Магия – бұл құдайлардың мейіріміне бөлену мақсатында атқарылатын түрлі іс-әрекеттер. Фетишизм – әртүрлі заттарға табыну. Фетишке ағаштан немесе тастан жасалған адамдар мен аңдардың мүсіндері, жыртқыш деп саналатын аңдардың тістері, әртүрлі тастар және т.б. нәрселер жатады.



Тотем түріндегі бойтұмарлар

### Жасап көріңдер

Өздеріңді алғашқы қауымның мүшесі ретінде елестетіңдер. Әрбір ру өзінің шығу тегі ретінде тотемдік аң таңдайды.

Өз тотемдеріңнің бейнесін бойтұмар түрінде ермексаздан жасауларың қажет.

Қалай ойлайсыңдар, ежелгі адамдар не үшін осындай бойтұмарлар жасаған?

## §3

## НЕЛІКТЕН АДАМДАР ЕГІНШІЛІК ЖӘНЕ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСА БАСТАДЫ?

## Бұл сабақта сендер:

- ежелгі адамдардың кәсіп түрлерін сипаттауды;
- немденуші мен өндіруші шаруашылықтың арасындағы айырмашылықты анықтауды;
- неолиттік төңкерістің ежелгі адамдардың өміріне тигізген әсерін анықтауды үйренесіңдер.

егіншілік  
мал шаруашылығы  
қолөнер  
неолит  
неолиттік төңкеріс

## Айырмашылықты табыңдар.



Суреттерде көрсетілген адамдардың шаруашылықтарының ең негізгі айырмашылығы неде?

Адамдар өздерін азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін дәнді дақылдар өсіріп, жануарларды қолға үйрете бастады. Яғни, **егіншілік** пен **мал шаруашылығын** игерді. Бұл өзгеріс **неолиттік төңкеріс** деп аталады. **Неолит** кезеңінде (б.з.д. 5–3 мың жылдар аралығы) адамдар өмірінде зор өзгерістер болды. Олардың табиғатқа деген тәуелділігі азайды. Адамдар бір жерден екінші жерге қоныстанып отырды, бірақ олардың кейбір топтары белгілі бір мекенде тұрақты түрде тұра бастады. Бұл тұрақты баспаналардың салынуына әкелді.

Тастан жасалған еңбек құралдары жетілдірілді. Адам тасты жарып, үшкірлеуден басқа, тасты бұрғылауды, тегістеуді және аралап кесуді де үйренді. Егінші үшін қазғыш таяқтың орнына кетпенді – бүгілген ұшы бар таяқшаны пайдалану қолайлы болды. Егінді орақпен жинады. Дәнді ұнтақтау үшін дәнүккішті (тегіс тастарды) пайдаланған.

Адамдар қолөнер түрлерін игерді. Азықты дайындау мен сақтау үшін ыдыс қажет болды. Ыдыс-аяқ ретінде жануарлардың бас сүйектері, тасбақаның қабығы, ағаш пен тастан ойылған құмыралар қолданылды. Кейін ыдыс жасау үшін жаңа материал – балшықты пайдалана бастады. Балшықтан жасалған ыдысты күннің көзіне кептірді, бірақ кейін адамдар отқа күйдірілген ыдыс төзімді екенін байқады. Осылайша күйдірілген балшықтан жасалған бұйымдар, яғни керамика пайда болды.

Әйел адамдар жүннен және өсімдік талшықтарынан жіп иірген. Жіптен мата тоқитын. Тоқымашылықтың пайда болуымен қарапайым тоқыма білдегі (станогі) ойлап табылды.

Бірлесіп еңбек ету үшін отбасылар рулық қауымға бірікті. Қауымды ақсақал басқаратын. Ол бірлескен жұмыста тәртіпті сақтау мен егінді бөлу ісін қадағалайтын. Бірнеше рулық қауым тайпаны құрайтын. Тайпаға ақсақалдар кеңесі басшылық етті.

Ақсақалдар кеңесі тайпа мүшелері арасындағы даулы мәселелерді шешетін және жаза тағайындайтын. Ең ауыр жаза – тайпадан қуылу болатын. Сонымен, бірте-бірте адамдардың қоғамдағы тәртібінің ережелері пайда болып, ұрпақтан-ұрпаққа берілді.

Неолиттік төңкерістің мәні неде?



Неолиттегі өзгерістер

**Анықтаңдар**

- Адамдардың өмірі неолит дәуірінде қалай өзгерді?

Кезең	Өсімдіктерді өсіру	Аймақ
Б.з.д. 10-8 мың жыл	Арпа, бидай	Алдыңғы Азия
Б.з.д. 7 мың жыл	Күріш, тары	Қытай
Б.з.д. 7 мың жыл	Жүгері, картоп	Америка
Б.з.д. 6 мың жыл	Қарбыз	Тропиктік Африка


Кезең	Жануарларды қолға үйрету	Аймақ
Б.з.д. 10-9 мың жыл	Ит	Қытай, Оңтүстік Азия
Б.з.д. 10-9 мың жыл	Ешкі, қой	Орта Азия, Солтүстік Африка
Б.з.д. 9-8 мың жыл	Шошқа, сиыр	Қытай, Алдыңғы Азия
Б.з.д. 6 мың жыл	Мисық, есек	Египет
Б.з.д. 3 мың жыл	Жылақ	Солтүстік Қазақстан
Б.з.д. 2 мың жыл	Түйе	Алдыңғы Азия

**Бұл тарауда сендер:**

- адамның шығу тегі туралы теорияларды түсіндірдіңдер;
- ежелгі адамдардың типтерін сипаттадыңдар;
- неліктен ежелгі адамдардың тобырға біріккендігін сипаттадыңдар;
- рулық қауым мен тайпа арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтадыңдар;
- ежелгі адамдар өмірінің көрінісін бейнелеу үшін «алғашқы қауымдық өнер» түсінігімен таныстыңдар;
- алғашқы қауымдық өнердің ерекшелігін анықтадыңдар;
- ежелгі діни наным-сенімдермен: тотемизм, анимизм, фетишизм, магиямен таныстыңдар;
- дін мен алғашқы қауымдық өнердің қалыптасу себептерін түсіндірдіңдер;
- ежелгі адамдардың кәсіп түрлерін сипаттадыңдар;
- «неолиттік төңкеріс» ұғымын түсіндіріп, оның мәніне баға бердіңдер; неолиттік төңкерістің ежелгі адамдардың өміріне тигізген ықпалын анықтадыңдар;
- экономикалық үдерісті түсіну үшін иемденуші және өндіруші шаруашылық түрлерін салыстырдыңдар.

**Өздеріңді тексеріңдер**

1. Ежелгі адамдар мен жануарлардың өмірін салыстыра отырып, Венн диаграммасын құрастырыңдар. Қандай қорытынды жасауға болады? Адам жануарлар дүниесінен қалайша бөлініп шыға алды?
2. Адамның типтерін хронологиялық реті бойынша орналастырыңдар: а) неандерталь; ә) питекантроп; б) кроманьон; в) аустралопитек; г) синантроп. Аталған түрлердің қайсысы қазіргі адам типі болып саналады?
3. Берілген сөздерді пайдаланып, сызбаны толықтырыңдар: иемденуші шаруашылық, егіншілік, балық аулау, мал шаруашылығы, терімшілік, өндіруші шаруашылық, аң аулау.



## 2

## Өзен алқаптары өркениеттері

### СЕНДЕР ҮЙРЕНЕСІҢДЕР

Бұл тарауды зерттеу барысында сендер ежелгі адамдардың неге өзен алқаптарының бойында қоныстануға тырысқандығы туралы білесіңдер. Су – өмірдің қайнар көзі болып саналады. Ежелгі заманда адамдар суды егін алқаптарын суару үшін пайдаланды. Олар суландыру үшін арнайы құрылғыларды бірлесіп жасаған. Шаруашылықтың бірлесіп жүргізілуі қалалардың пайда болуына, ал кейін мемлекеттердің қалыптасуына септігін тигізді. Осылайша ежелгі өркениеттер пайда бола бастады.

Бұл тарауда сендер «өркениет» және «өзен алқаптары өркениеті» ұғымдарымен танысасыңдар. Адамзат тарихындағы ежелгі өркениеттер Алдыңғы Азияда, Солтүстік Африкада, Қытай мен Үндістанда қалыптасты. Олар Тигр мен Евфрат, Ніл, Хуанхэ, Үнді мен Ганг тәрізді ірі өзендердің ресурстарының негізінде пайда болды.

Ертедегі адамдардың өмірін зерттеуге бізге тарихи деректер көмектеседі. Әсіресе жазулары бар сазбалшық тақтайшалар сол жайында көп мәлімет береді. Олардың көбі Месопотамиядан табылған. Ежелгі дастандардың бірі – «Гильгамеш туралы дастан» құнды жазбаша дереккөз ретінде белгілі. Ежелгі тарихты зерттеу барысында, сәулет ескерткіштері де маңызды дерек бола алады. Алдыңғы Азияда орналасқан Вавилон қаласындағы Иштар құдайдың қақпасы өзінің әсемдігімен және алып құрылысымен танымал болды.

### Ойланып көріңдер

- «Өркениет» ұғымын қалай түсінесіңдер?
- Қалай ойлайсыңдар, неліктен ең алғашқы өркениеттер Алдыңғы Азияда пайда болды?
- Тарихи деректерді не үшін зерделеу қажет?






## §4

## НЕЛІКТЕН ЕЖЕЛГІ ӨРКЕНИЕТТЕР ӨЗЕН АЛҚАПТАРЫНДА ДАМЫДЫ?

## Бұл сабақта сендер:

- табиғаттың адам еңбегіне қалай ықпал ететіндігін анықтайсыңдар;
- өркениеттердің пайда болу себептерін айқындайсыңдар;
- Месопотамия өркениетіндегі егіншілік, қолөнер мен сәуданың ерекшеліктерін сипаттауды үйренесіңдер.

**өркениет**  
**ирригация**



Өзен алқаптары өркениеттері

## Ойланыңдар

- Сендер Қазақстанның қандай өзендерін білесіңдер?
- Ол өзендердің бойында қандай қалалар орналасқан?
- Өзендердің қандай пайдасы бар?
- Өзен жағалауларын адамдар неге қоныс ретінде таңдады?

## ӨЗЕН ӨРКЕНИЕТТЕРІ

Ежелгі заманда үлкен өзендердің алқаптары адамдардың өмір сүруі үшін өте қолайлы аймақтар болды. Ніл (Ежелгі Египет өркениеті), Тигр мен Евфрат (Месопотамия), Үнді және Ганг (Ежелгі Үнді өркениеті), Хуанхэ мен Янцзы (Ежелгі Қытай өркениеті) өзендері

бойында адамдар ежелгі әлемнің «Ұлы өзен өркениеттерінің» негізін қалаған. Бұл өркениеттер егіншіліктің дамуымен байланысты өрістеді.

Халық санының артуына байланысты егінді елді мекендер қалаларға айналды. Месопотамияның ең ірі қалаларлы Киш, Урук, Ур, Лагаш, т.б. болған. Кейіннен мемлекеттер мен үлкен империялар пайда бола бастады. Бұл ежелгі халықтардың өзара араласуына мүмкіндік берді. Қолбасшылардың әскери олжаны молырақ иемденуі адамдардың бай және кедей болып бөлінуіне әкелді. Осылай мүлктік және қоғамдық теңсіздік пайда болды.

*Өркениет* – мемлекет, жазу, заңдар, ақша мен алғашқы техникалық өнертабыстары пайда болған қоғамның белгілі бір даму дәрежесі.

Қоғамдық үдерістің дамуы, яғни оның төменгі сатыдан жоғарыға өтуі адамдардың табанды еңбегі арқылы ғана жүреді.

### ИРРИГАЦИЯ ЖҮЙЕСІ

Тарихтағы ең ежелгі өркениет Месопотамияда қалыптасты. Тигр мен Евфрат өзендерінің алқаптары өте құнарлы болды. Солтүстік аймақтарда қыста қар жауатын, ал оңтүстікте көктем мен күз мезгілдерінде жауын-шашын түсетін. Өзендердің тасуы жылдың түрлі мезгілдерінде болып тұратын.

Б.з.д. VIII мыңжылдықта Месопотамия халқы егіншілікпен айналысты. Өзендердің тасуынан кейін батпақтар пайда болатын. Мыстан жасалған еңбек құралдарының көмегімен адамдар су басқан жерлерді құрғату үшін арықтар қазды. Суқоймасын суға толтыру үшін өзен бойларында тоғандар мен бөгеттер салынды. Қоймадағы суды құрғақшылық мезгілінде егін алқаптарын суаруға пайдаланды. Күрделі суару жүйелерін *ирригация* деп атайды. Оларды қолдану үшін бүкіл қауым бірлесіп күш жұмсауы қажет болды. Ал билеушілер саны көп халықты басқару үшін үлкен билікке ие болуы керек еді. Өзен алқаптарында алғашқы қалалар қалыптасты. Уақыт өте келе олардың көбі қала-мемлекеттерге айналды.



Ежелгі шумерліктердің шаруашылығы



Қазіргі заманғы тоған

- Ежелгі заманда тоғандар немесе бөгеттер қандай болғанын сипаттаңдар.
- Қазіргі заманда тоғандарды қандай мақсатта тұрғызады?

## §5

ӨЗЕН АЛҚАПТАРЫНДАҒЫ ӨРКЕНИЕТТЕР  
ТУРАЛЫ ҚАЛАЙ БІЛЕ АЛАМЫЗ?

## Бұл сабақта сендер:

- ежелгі өркениеттердің шаруашылық өмірін сипаттайсыңдар;
- ежелгі өркениеттер туралы тарихи деректерді зерделейсіңдер;
- ежелгі дүние өнерін сипаттауды үйренесіңдер.

**мәдениет**  
**өнер**  
**сәулет өнері**  
**артефакт**  
**пиктограмма**

Б.з.д. 3500 жыл шамасында Месопотамияның оңтүстік аймағында шумерлер мен аккадтықтар қоныстанды. Ғалымдардың пікірі бойынша, олар Кіші Азия және Кавказ оңірлерінен келген. Саргон патша бұл екі елді өз патшалығына біріктірді. Шумер-аккадтықтар күшті әскерімен және **мәдениет** саласындағы жетістіктерімен ежелгі тарихта маңызды орын алады.



Балшықтан жасалған тақтайша

- Тақтайшада не бейнеленген?
- Бұл тақтайшаға автор не жазуы мүмкін?
- Неліктен Месопотамия тұрғындары жазу үшін үйреншікті емес материалды пайдаланған?
- Бұл жазулардың құндылығы неде?

## Бұл қызықты

Месопотамиядағы қазба жұмыстары барысында археологтар көп сазбалшық тақтайшалар тапты. Ондағы жазулардың құпиясын ашу оңай болған жоқ.

Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін сақталған және тарихи дереккөздер болып табылатын түрлі заттар мен құрылыстарды ғалымдар **артефактілер** деп атайды.

## ШУМЕР ЖАЗУЫ

Шумерліктердің жазуы б.з.д. V мыңжылдықтардан бастап қолданыста болған деп есептеледі. Бірнеше сурет бір сөзді құраған. Ежелгі сурет арқылы жазу әдісі **пиктограмма** деп аталады. Кейін шумерліктер бірнеше белгілерді тіркестіріп дыбыстарды жазбаша белгілей бастады.

Шумерліктер суреттерді сазбалшық тақтайшаға арнайы таяқшамен ойып салатын. Сондықтан әріптер сына түрінде болған. Жазудың бұндай түрі «сына жазуы» деген атауға ие болды. Шумерліктердің жазуының негізінде финикиялық жазу қалыптасып, нәтижесінде ол ежелгі грек әліпбиінің пайда болуына септігін тигізді.

## ГИЛЬГАМЕШ ТУРАЛЫ ДАСТАН

Ежелгі Месопотамия мәдениетінің ұлы ескерткіші Ниневия қаласының патшалық кітапханасынан табылған эпостық поэма болып саналады. Поэма б.з.д. II мыңжылдықтың басында жазылған. Шығарма әйгілі шумерлік батыр Гильгамешке арналған.

### ЕЖЕЛГІ МӨРЛЕР

Ежелгі Шумерде алғашқы цилиндр тәріздес мөрлер жасалды. Оның көмегімен белгілі бір затқа өз меншік құқығын кепілдендірді. Алғашқы мөрлер тастан және балшықтан жасалды. Мөрлерді тек патшалар, шенеуніктер мен хатшы қызметкерлер ғана пайдаланды. Мөрлердің таңбалары сазбалшық тақталарда, ыдыс-аяқтарда, киім-кешектерде және т.б. заттардың бетінен табылды. Мөрлерде салттық және діни көріністер, киелі жануар бейнелері ойылып салынды. Иесі қайтыс болғанда, оның мөрі иесімен бірге жерленді.

### СӘУЛЕТ ӨНЕРІ

Ежелгі Месопотамия тұрғындарының *өнер* түрлерінің ішінде *сәулет өнері* ерекше дамыды. Қала билеушілері құдайларға арнап ғибадатханалар салған.

Ең атақты ғибадатхана б.з.д. XXI ғасырда Ур қаласында салынған. Құрылыс баспалдақ тәрізді мұнара (зиккурат) түрінде үш қабаттан құралды. Зиккураттар басқа қалаларда да салынды. Қабаттардың саны төрттен жетіге дейін жетті. Мұнараның қабаты ақ, қара, қызыл қоңыр және т.б. түрлі түстерге боялды. Ғимараттың күмбезі кейде алтынмен қапталды. Ғибадатхана басқа ғимараттардан террасаларының көгалдандырылуымен ерекшеленді.



Гильгамеш бейнесінің суреттемесі

**Артефакт  
нені суреттейді?**



Цилиндр  
тәріздес мөр

### Жасап көріңдер

Сипаттамасы бойынша Зиккурат ғимаратының суретін салып көріңдер.

**Бұл тарауда сендер:**

- «Өзен алқаптарындағы өркениеттер», «мәдениет» пен «өнер» ұғымдарына анықтама бердіңдер;
- адамдардың өзен алқаптарының бойында мекендеуінің себептерін анықтадыңдар;
- Қазақстан картасындағы өзен алқаптарында орналасқан қалаларды білдіңдер;
- өркениеттің дамуымен адам тұрмысында жүзеге асқан өзгерістерді анықтадыңдар;
- ежелгі Месопотамия тұрғындарының шаруашылық түрлеріне сипаттама бердіңдер;
- ежелгі мемлекеттердің қалыптасуын дәлелдейтін суландыру жүйесімен таныстыңдар;
- ежелгі және қазіргі суару жүйелерін салыстырып, олардың бүгінгі күні атқаратын рөлін түсіндіңдер;
- шумер жазуымен танысып, сына, сазбалшық тақталары туралы мәлімет алдыңдар;
- кейбір артефактілерді зерделеп, олардың өзен алқаптарының ежелгі тұрғындарының шаруашылығы туралы ақпарат беретінін білдіңдер;
- ежелгі заман әдебиетінің ұлы туындысы – «Гильгамеш туралы дастанымен» таныстыңдар;
- Аккад дәуіріндегі сәулет құрылыстарының ерекшеліктерімен таныс болдыңдар.

**Өздеріңді тексеріңдер****Мәтіндегі бос орындарды толтырыңдар.**

... және ... өзендерінің аңғарында екі ежелгі халық – ... мен ... Месопотамия мәдениетінің негізін қалады. Бұл өзендер ... құяды. Месопотамия тұрғындарының негізгі шаруашылығының түрлері: ..., ..., ... Бұл өңірде ... көп кездесетін, бұдан олар кірпіш жасап, ғимараттар салған болатын. Балшық тақталарға салынған жазуды ... деп атады. Ең ірі қалалары: ..., ... Месопотамия халқы арықтар қазып, бөгеттер салған еді. Суландырудың мұндай жүйесі ... деп аталды.

Аккад заманында ғибадатхананың жаңа түрі – ... пайда болды. Олар көпқабатты мұнаралар. Қабаттар ..., ..., ... түстерге боялған. Бұл «аспанға апаратын баспалдақ» және оның төбесінде ғибадатхана – құдай үйі орналасқандай көрініс тудыратын. Б.з.д. ХХІ ғасырда ... қаласында биіктігі 21 метр болатын үш қабатты ғибадатхана салынды. Оның жоғары алаңынан абыздар ... бақылап отырды.

## 3

## Ежелгі Египет

## СЕНДЕР ҮЙРЕНЕСІҢДЕР

Сендер Ежелгі Египет тарихын зерделеуді бастайсыңдар. Сендерді алда өткен тарихтың қызықты оқиғалары күтіп тұр. Сендер Ніл өзенінің аңғарында әлемнің ежелгі мемлекеттерінің бірі пайда болғанын білесіңдер. Ежелгі Египет тұрғындары бірегей ерекше мәдениеттің негізін салды. Бұл мәдениет тек діни түсініктердің ғана емес, сонымен бірге ғылыми білімдердің негізінде қалыптасты.

Ежелгі Египетте жазудың ежелгі түрі, алғашқы күнтізбе, ондық санау жүйесі пайда болды. Ежелгі египеттіктер сандарды болу мен көбейтуді, жер бетінің ауданы мен көлемін анықтауды меңгерді. Бұл өңірде арифметика, астрономия, тарих, медицина, химия, география ғылымдарының білім негіздері қаланды. Ғылыми білімдер ежелгі египеттіктердің шаруашылық өмірін жеңілдетті.

Тарауды зерттеп, сендер неліктен египеттіктердің негізгі шаруашылығы егіншілік болғанына дәлелдеме келтіресіңдер. Сонымен қатар таңғажайып сәулет құрылыстарының – пирамидалардың қалай салынғанын білетін боласыңдар. Олар қазіргі күнге дейін бізді өзінің алып құрылысымен және нақты үйлесімділігімен таңғалдырады және сүйсіндіреді. Египетте әйгілі археологиялық олжа – Тутанхамон перғауынның табытханасы табылған. Сендер неліктен Ежелгі Египетте перғауындарды құрмет тұтқанын білесіңдер.

## Ойланып көріңдер

- Не себепті басқа халықтарға қарағанда, ежелгі египеттіктерде егіншілік ерте уақытта-ақ басты шаруашылыққа айналды?
- Неліктен Египетте ғылыми білімдер дамыды?
- Ежелгі египеттіктер қандай құдайларға табынды?



## §6

## НЕЛІКТЕН ЕГИПЕТ «ҚАРА ЖЕР» ДЕП АТАЛҒАН?

## Бұл сабақта сендер:

- неліктен ежелгі египеттіктер үшін Нілдің тасуы маңызды болғанын түсінесіңдер;
- не үшін ежелгі египеттіктердің астрономияны зерттегенін анықтайсыңдар;
- Ежелгі Египетте егіншіліктің қандай болғанын сипаттайсыңдар.

бөгет  
канал  
өзен лайы  
папирус

## НЕЛІКТЕН ЕЖЕЛГІ ЕГИПЕТТІКТЕР НІЛГЕ ТАБЫНДЫ?



Ежелгі Египет

Шамамен б.з.д. 3000 жылы Ніл аңғарында әлемнің ең көне мемлекеттерінің бірі – Ежелгі Египет қалыптасты. Шілде айының басында Ніл тасып, бүкіл алқапты су басатын. Су қайтқаннан кейін өзен жағалауында **өзен лайы**, яғни шіріген өсімдіктер мен тірі ағзалардың қалдықтары тұнып қалатын. Біртіндеп осы лай құнарлы қара топыраққа айналды.

Ғалымдар тапқан папирустардың бірінде «Египеттіктердің Ніл өзенін мадақтау өлеңі» деген гимні (әнұраны) табылған.


«Египетке жан берген Нілдің даңқы арта берсін! Ол – судан алыс жатқан шөл даланы суарушы, балықтар мен құстардың әміршісі, астық өсіруші, мал үшін астық дайындаушы, нан, тағам әкелуші құдірет. Су келгенде жердің беті жадырап, тірі жан атаулы шаттыққа кенеледі.

Жаса Нілім, көңілдерді тасытқан,  
Египетті тірілтуге асыққан.  
Сен көрінсең шаттанады Жер-ана,  
Қуанады бар тіршілік, кең дала.  
Қарсы аламыз сені патша бейнесіндей!»

«Египеттіктердің Нілді мадақтау өлеңі» әнұранының папирустағы жазуын пайдаланып, Ніл өзенінің египеттіктер үшін маңызды болғанын дәлелдейтін 3-4 себептерін атаңдар.

Ніл аңғары – батпақты жер. Оның жағасында биік қамыстар – *папирус өсті*. Ніл тасыған кезде өзеннің бар аңғары суға толды. Су көбінесе ойпаттарды басып қалды, сондықтан египеттіктер осы аймақтарда *бөгеттер* мен *каналдар* салды. Олардың көмегімен алыс орналасқан алқаптарды суландырды.

### Ежелгі египеттіктердің шаруашылық түрлері



Ежелгі египеттіктер Ніл тасыған кезде жұлдыздардың белгілі бір қалыпта орналасатынын байқады. Олар бір тасқыннан келесі тасқынға дейінгі өткен күндерді санап, бұл кезеңнің қайталанатындығына назар аударды. Осылайша египеттіктер бір жылда 365 күн бар екенін санап шықты.

#### Рефлексия

Тарих атасы Геродот Египетті «Нілдің сыйы» деп атаса, ал египеттіктердің өздері өз елін Кемет – «Қара жер» деп атады.

- Египеттің осындай сипаттамасымен келісесіңдер ме? Жауаптарыңды дәлелдеңдер.
- Сендер Ежелгі Египетке қандай атау қоятын едіңдер?

#### Ауыл шаруашылық жұмыстарының түрлері

Суреттерді қарастырыңдар.

Ежелгі Египеттегі ауыл шаруашылығы кәсіптерінің түрлерін дұрыс ретпен орналастырыңдар. Оларға сипаттама беріңдер.

#### Ежелгі египеттіктердің өміріндегі ғылыми білімдердің рөлі

- Ғылыми білімдер ежелгі египеттіктердің шаруашылығына қандай көмек көрсетті?



## §7

## ЕЖЕЛГІ ЕГИПЕТ ПИРАМИДАЛАРЫ ҚАЛАЙ САЛЫНДЫ?

## Бұл сабақта сендер:

- Ежелгі Египет ғибадатханалары мен пирамидаларын сипаттайсыңдар;
- ежелгі египеттіктердің діни наным-сенімінің ерекшеліктерін білесіңдер.

**сфинкс**  
**мумия**  
**саркофаг**



Хеопс пирамидасы мен Үлкен сфинкс

## НЕ СЕБЕПТІ ЕЖЕЛГІ ЕГИПЕТТІКТЕР ПИРАМИДАЛАР САЛҒАН?

Пирамидалар – Ежелгі Египеттің ең құпиялы және орасан зор құрылысы. Олар Египет билеушілерінің, яғни перғауындардың мазары қызметін атқарған. Ең биік пирамида Гиза қаласында б.з.д. 2600 жылы Хеопс (Хуфу) перғауынға арнап салынған. Оның биіктігі 146,6 метрге жуық. Құрылысқа салмағы 2,5 тонна

болатын үлкен тас кешендері жұмсалды. Пирамиданың құрылысы үшін осындай 2 300 000 тас кешені пайдаланылды.

## Пирамиданың құрылысы

Тас кешендері домалатылатын бөренелердің үстінде тасымалданатын.

Құрылысшылар тас кешендерді жоғары көтеру үшін ағаш шаналарды пайдаланған.



**Пирамидаға саяхат**  
Өздеріңді Хеопс пирамидасының алдында тұрмыз деп елестетіңдер.

Сендерде қандай сезім пайда болды?

Хеопс пирамидасының маңайынан тыс аймақта Үлкен **сфинкс** мүсіні табылған. Бұл – басы адам, ал денесі арыстан кейпінде жасалған зәулім тас мүсіні. Гизадағы пирамидаларды қорғаушы бұл сфинкс біртұтас үлкен үңгірдің ішінен ойылған. Оның биіктігі жеті қабатты ғимаратқа тең.

## МУМИЯЛАРДЫ ҚАЛАЙ ЖАСАҒАН?

Ежелгі египеттіктердің түсінігі бойынша, адам қайтыс болғаннан кейін оның жаны тәнінен арылады, бірақ ол денесіне қайта оралуы мүмкін. Сондықтан мәйітті сақтап қалу үшін денені бальзамдаған. Әртүрлі іс-әрекеттердің көмегімен египеттіктер денені келешекте жаны қайтып келу үшін сақтады. Содан кейін бальзамдаушылар дайындалған мәйітті арнайы бальзаммен майлаған. Бальзамдалған денені зығыр мата қиығымен ораған. Оған қайтыс болған адамға о дүниеде қажет болатын бағалы әшекей бұйымдар мен бойтұмарларды бірге таңған. Қайтыс болған адамның осылай өңделген денесі **мумия** деп аталды.

Мумияланғаннан кейін мәйітті суретпен безендірілген ағаш **саркофагқа** орналастырған. Соңында саркофагты табытханаға жеткізіп, арнайы жерде сақтаған.



Ежелгі Египет

### Бұл қызықты

Ежелгі заманда Үлкен сфинксті бірнеше рет құм басқан. Аңыз бойынша, бір күні IV Тутмос ханзада сфинкстің етегінде ұйықтап қалады. Түсінде құдайдың бейнесінде сфинкс келіп, оны құмнан босатуды өтінеді. Егер ханзада оның өтінішін орындаса, онда ол ханзаданы перғауын мәртебесіне көтеретініне уәде береді. IV Тутмос сфинксті құмнан аршиды және көп кешікпей перғауын деп жарияланады. Бұл аңыз бүгінгі күнге дейін сақталған жазуы бар тақтайшада бейнеленген.

- Пирамидалар Нилдің қай жағасында орналасқан?
- Қалай ойлайсыңдар, неліктен?
- Хеопс пирамидасының қима сызбасына назар аударыңдар. Сызбадан кіреберісті, дәлізді, перғауынның табытын көрсетіңдер.
- Табытханаға апаратын дәліздер неге көп болды деп ойлайсыңдар?



Хеопс пирамидасының қима сызбасы

## §8

ПУНТ ЖЕРІНЕ ПЕРҒАУЫН ХАТШЕПСУТ  
КЕМЕЛЕРІН НЕ ҮШІН ЖІБЕРДІ?

## Бұл сабақта сендер:

- Хатшепсут перғауынның көрші елдермен сауда-саттық қатынастарын белсенді түрде дамыту себебін зерттейсіңдер;
- Пунт жеріне жіберілген сауда экспедициясының тауарларына сипаттама бересіңдер;
- ежелгі египеттіктердің шаруашылығы мен өмір салтын оқып білесіңдер.

Мирра ағашы

## Анықтаңдар

Не себепті сарайда өтетін салтанатты рәсімдер кезінде Хатшепсут ер адамның киімін киіп, сақал таққан?

Ежелгі тарихтағы басқа да атақты билеуші әйелдерді атай аласыңдар ма?



Дейр эль-Бахри гибадатханасы

## Бұл қызықты

Хатшепсут перғауынды құрылысшы деп атады. Оның бұйрығымен алып сәулет ескерткіштері бой көтерді. Мәселен, Фивы қаласының маңында Дейр эль-Бахри гибадатханасы салынды. Гибадатхана жартастың қабырғасына ойылып салынған және соның әсерінен ішінен өсіп шыққан тәрізді көрінеді.

## ХАТШЕПСУТ ДЕГЕН КІМ?

Хатшепсут – Ежелгі Египетті билеуші әйгілі әйелдердің бірі. Ол перғауын болды. Оның билік құрған мерзімі шамамен 22 жыл. Осы уақыттың ішінде Ежелгі Египет елі қуатты әрі күшті мемлекетке айналды.

Б.з.д. XV ғасырда Ежелгі Египетте Хатшепсуттың бұйрығымен бейтаныс Пунт жеріне сауда экспедициясы ұйымдастырылады. Бұл экспедиция жөніндегі мәлімет Дейр эль-Бахри гибадатханасының суреттері мен жазуларында сақталған.



Дейр эль-Бахри гибадатханасының қабырғасындағы бейнелер

Құпиялы Пунт жері хош иісті шайырға, экзотикалық аңдарға, алтынға және қымбат бағаланатын ағаштарға бай аймақ болды. Дейр-эль-Бахри ғибадатханасының қабырғаларының бірінде ара ұясы тәріздес, тіреуіштерге салынған лашық үйлер бейнеленген. Лашық үйлер пальмаға ұқсас ағаштың көлеңкесінде суреттелген. Бұл **мирра ағашы** да болуы мүмкін. Қабырғаға салынған басқа суреттерде Пунт жеріне аттанған Хатшепсут перғауынның сауда кемелері бейнеленген. Кемелер орасан зор қазынаға толы жүктермен қайта оралған.



Дейр-эль-Бахри ғибадатханасының суреттері

- Бұл суреттерде не сипатталған?
- Ежелгі египеттіктер Пунт жерінен қандай тауарларды тасымалдады?



Пунт елі



Пунт мемлекетіне апаратын болжамды бағдар

### Құпияға толы Пунт елі

- Қалай ойлайсыңдар, Пунт мемлекеті қайда орналасқан?
- Пунт жерінің орналасуын картадан көрсетіңдер.
- Неліктен бұндай пікірге келдіңдер?

Пунт мемлекеті туралы көптеген тарихи дәлелдер бар. Алайда ғалымдар қазіргі күнге дейін оның орналасқан аймағын анықтай алған жоқ. Оларға тек ежелгі египеттіктердің Қызыл теңізден шығып, оңтүстікке қарай бағыт алғаны ғана белгілі. Кеме бір апта бойы жол жүреді. Бұл экспедицияны ежелгі египеттіктер өздерінің елеулі жетістіктерінің бірі деп есептейді.

## §9

ЕЖЕЛГІ ЕГИПЕТ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ӨМІРІ ТУРАЛЫ  
ТУТАНХАМОН ТАБЫТХАНАСЫ ҚАНДАЙ СЫР  
ШЕРТЕДІ?

## Бұл сабақта сендер:

- археологиялық жәдігерлердің бізге өткеннен қандай хабар беруі мүмкін екендігін түсінесіңдер;
- Тутанхамонның табытханасы неліктен маңызды тарихи дерек болып саналатынын білесіңдер.

**Патшалар алқабы  
табытхана**


Уақыт сызығы бойынша  
анықтаңдар

- Уақыт сызығында Тутанхамонның билік құрған уақытын анықтаңдар.
- Кім бұрын билік етті: Хатшепсут пе әлде Тутанхамон ба?
- Қай оқиға бұрын болған: Хеопс пирамидасының салынуы ма әлде Тутанхамонның билік етуі ме?
- Тутанхамон қанша жыл бұрын дүниеге келді?

## ТУТАНХАМОН ДЕГЕН КІМ?

Тутанхамон – ең атақты египеттік перғауындардың бірі. Оның аты «Амонның жанды бейнесі» дегенді білдіреді. Амон – Ежелгі Египеттегі аспан құдайы. Амонды кейінірек египеттіктер Амон-Ра (Күн құдайы) деп атады. Тутанхамон елді б.з.д. 1347 – 1337 жылдары аралығында басқарды.

Басқа да әйгілі ежелгі египеттік перғауындарды атай аласыңдар ма?



## ҚАНШАМА ҚҰНДЫ ОЛЖАЛАР!

1922 жылы Хауард Картер басқарған археологтар тобы *Патшалар алқабынан* бұрын ашылмаған Тутанхамонның *табытханасын* тапты. Табытханадан алтынмен қапталған кереует, көптеген алтын мен күміс, піл сүйегімен бедерленген патша орындығы, әсем қобдишалар, сандықтар, тас ыдыстар, азық-түлік сақтайтын жәшік пен көзелер, алтыннан жасалған әшекей бұйымдар, киім-кешек, жазу құралдары табылды. Табылған заттар ішінде патша билігінің нышандары да болды. Оларға алтынмен қапталған екі аяқты күйме арба, патша тағы, алтын жалатылған әсем бетперде жатады.

- Хауард Картерге қандай сұрақ қоя аласыңдар?



Перғауынның алтыннан жасалған бетпердесі

### Бұл қызықты

Археологтар табытханадан лазурит тастарымен безендірілген алтын бетперде тапты. Бетперденің салмағы 10 килограмға жуық. Ол Тутанхамон перғауынның бет-әлпетінің қандай болғанын анықтауға мүмкіндік берді.

### Жәдігерлер сөйлейді

- Тутанхамон табытханасынан табылған олжаларға назар аударыңдар.
- Бұл жәдігерлер бізге ежелгі египеттіктердің өмірі туралы қандай сыр шертеді?



Тутанхамонның мумиясы тастан жасалған саркофагта орналасқан. Үлкен саркофақта бір-бірінің ішінде орналастырылған қосымша үш саркофаг бар. Алғашқы екі саркофаг ағаштан жасалған және алтын фольгамен қапталған. Перғауынның мумиясы таза алтыннан жасалған үшінші саркофақтың ішінде орналасқан. Жерлеу бөлмесінің қабырғалары жазуларға толы. Ғалымдардың пайымдауы бойынша, қабырғадағы мәтіндер сиқырлы дуалар болуы мүмкін. Сонымен қатар моланың қабырғаларында Египет құдайлары бейнеленген.



Жерлеу бөлмесінің қабырғаларындағы суреттер

### Ойланыңдар

Неліктен перғауынның табытханасында сиқырлы белгілер, жазулар мен құдай бейнелері салынған?

Не себепті Тутанхамон табытханасы маңызды археологиялық ашылу болып саналады?

**Бұл тарауда сендер:**

- Ніл өзенінің тасуы ежелгі египеттіктер үшін не себепті маңызды екенін түсіндіңдер;
- шаруашылық қызмет пен әлеуметтік өзгерістердің тигізген ықпалына талдау жасадыңдар;
- өркениет деген не екенін және оның алғаш рет қайда қалыптасқанын білдіңдер;
- ежелгі өркениеттердің шаруашылық жүйесін сипаттадыңдар;
- Ежелгі Египеттегі егіншілікке сипаттама бердіңдер;
- Ежелгі Египетте пирамидалар мен ғибадатханалардың қалай салынғандығы және олардың ішкі безендірілуімен таныстыңдар;
- ежелгі египеттіктердің діни наным-сенімдерімен танық болдыңдар;
- ежелгі египеттіктердің өздерінің билеушісі – перғауынта деген көзқарастарын анықтадыңдар;
- әйгілі перғауындардың мазарларынан табылған жәдігерлер бізге қандай сыр шерте алатындығын түсіндірдіңдер;
- Тутанхамон табытханасы маңызды тарихи ескерткіш екенін түсіндіріп бердіңдер;
- Хатшепсут перғауынның тұсында көрші елдермен сауда-саттық қарым-қатынастардың дамығанына талдау жасадыңдар;
- құпиялы Пунт еліне жіберілген сауда экспедицияларының тауарларына сипаттама бердіңдер;
- Дейр эль-Бахри ғибадатханасындағы қабырға суреттері мен бейнелерінен маңызды ақпаратты іріктеп алуды үйрендіңдер.

**Өздеріңді тексеріңдер**

Египет папирустарында мектепте шығарған есептер сақталған.

Оларды қарастырып көрейік.

1. Үш үйде үш мысықтан болды, әр мысық үш тышқаннан жеді. Әр тышқан үш масақтан жеді, ал әр масақтан екі дән мөлшері шығуы мүмкін. Мысықтар қанша дән молшерін жеген?

2. Тікбұрышты үшбұрышты фигура берілген. Тік бұрышынан шығатын қабырғалары 8–бен 3–ке тең. Фигураның ауданын есептеңдер.

- Ежелгі Египет халқы қандай математикалық есептер шығарған?
- Ол есептердің қазіргі мектептегі есептермен ұқсастықтары бар ма?
- Бұл нені көрсетеді?

# 4

## Қос дөңгелекті арбалар және империялар

### СЕНДЕР ҮЙРЕНЕСІҢДЕР

Бұл тарауда сендер ежелгі мемлекеттердің әскери өнеріндегі маңызды өнертабыс болған қос дөңгелекті арбалар туралы білетін боласыңдар. Оларды Таяу және Орта Шығыс елдерінің әскерлері, ежелгі Қазақстан мен Орта Азия аумағында, сонымен бірге Ежелгі Қытай, Үндістан, Грекия мен Римде қолданған. Сендер тарихтағы ең ірі қос дөңгелекті арбалар шайқасы туралы білесіңдер. Әскери арбалардың жаңа түрлерінің пайда болуы әскерді қуатты күшке айналдырды.

Тарауды зерделеп, сендер ежелгі заманда қала-мемлекеттер нығайып, көрші елдердің аумақтарын бағындырғанын танып білесіңдер. Уақыт өте келе, әскери державалар империяларға айналады. Олардың құрамына түрлі мемлекеттер мен халықтар кірді. Ежелгі империялардың күші мықты әскерге сүйенетін. Оларды шексіз билікке ие болған билеушілер басқарды.

Мұндай мемлекеттер үшін жақсы ұйымдастырылған басқару жүйесі аса маңызды болды. Көптеген басшылар қоғамның дамуын жеделдететін реформалар жүргізді. Сендер әйгілі вавилондық билеуші Хаммурапийдің кім болғанын танып білесіңдер. Ол ұлан-байтақ патшалығы үшін бірегей ортақ заңдар шығарды.

Ежелгі заманда бір мықты империяларды екіншілері алмастырып отырды. Тарауды зерделеп, сендер бірнеше ежелгі империямен танысасыңдар және олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайтын боласыңдар.

### Ойланып көріңдер

- Қос дөңгелекті арбалар туралы не білесіңдер?
- Қос дөңгелекті арбалар мен ірі мемлекеттердің қалыптасуы арасында қандай байланыс болуы мүмкін?
- Қалай ойлайсыңдар, ұлан-байтақ патшалықты басқару барысында патшалар неге, кімге арқа сүйеді?





## §10

ҚОС ДӨҢГЕЛЕКТІ АРБАНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ  
ӘЛЕМДІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТТІ?

## Бұл сабақта сендер:

- әскери шайқастарда қос дөңгелекті арбалар қандай рөл атқарғанын түсінесіңдер;
- ежелгі мемлекетаралық қатынастарды зерттеу үшін «империя» ұғымы туралы кең түсінікке ие боласыңдар;
- басқыншылық соғыстар мемлекеттердің шегараларын қалай өзгерткенін білесіңдер.

**қос дөңгелекті арба империя**

## Анықтаңдар

- Қос дөңгелекті арбаны қандай мақсатта қолданды?
- Қос дөңгелекті арбаның әскери істе қолданылуының қандай артықшылықтары мен кемшіліктері бар?

## Бұл қызықты

Қазіргі Қазақстан аумағын мекендеген тайпалар қос дөңгелекті арбаларды қола дәуірінде, яғни б.з.д. XVI–XV ғғ. пайдаланған. Бұған андронов тайпаларының жерлеу орындарынан табылған заттары мен Тамғалы және Қаратау петроглифтері дәлел бола алады. Б.з.д. I мыңжылдықтың басында ат әбзелдері мен атты әскердің қалыптасуының әсерінен андроновтықтар арбаны қолдануды тоқтатқан.

## Ойланыңдар

- Қалай ойлайсыңдар, қос дөңгелекті арбаның қай бөлшегі аса маңызды рөл атқарады?

Адамзат тарихындағы маңызды өнертабыстардың бірі – **қос дөңгелекті арба** болып табылады. Ол б.з.д. IV–III мыңжылдықтарда пайда болған деп есептеледі. Дөңгелектерінде темір сымдары бар, екі-төрт жылқы жегілген арбалар жедел тасымалдау үшін қолайлы болды. Жер бетінен көтеріңкі орналастырылған қалыпта арбада отырған садақшы өз нысанасын дәлірек анықтайтын. Қос дөңгелекті арбалары бар әскер жедел қозғалатын және жаңа жерлер мен халықтарды тез бағындыратын. Әскери арбалар осылайша үлкен **империялардың** пайда болуына мүмкіндік жасады.



- Қола дәуіріндегі андроновтықтардың қос дөңгелекті арбаларының суреті. Қаратау петроглифтері, Оңтүстік Қазақстан

## ХЕТТ ПАТШАЛЫҒЫ

Б.з.д. XVI ғасырда Кіші Азияның ұсақ бытыраңқы мемлекеттерінің бірігуі Хетт патшалығының құрылуына негіз болды. Хетт патшалары Вавилонды талқандап, Сирияға табысты жорық жасады. Кіші Азияны бағындырып, Сирияда өз биліктерін нығайта түседі. Сирияны жаулау соғыстары Хетт империясын Египетпен жауласуға әкелді.

Екі елдің арасындағы қақтығыс шамамен б.з.д. 1296 ж. Кадеш қаласының түбінде өтті. II Рамсес хетт әскерін талқандауды жоспарлады, ал Хетт патшасы II Муваталли Сирияны өз қолында сақтап қалуға тырысты. Шайқас хеттер мен египеттіктер арасында бейбіт бітіммен аяқталды. Сирияның солтүстік бөлігі Хетт империясының бақылауында сақталса, оңтүстік бөлігі Египет еліне қосылды.

## ЕГИПЕТ МЕМЛЕКЕТІ

Б.з.д. XV ғасырда Египет қуатты және жақсы ұйымдастырылған әскерге ие болды. Оның қуаттылығы қос дөңгелекті арбалы әскерлердің санына байланысты еді. III Тутмос перғауынның қол астында мыңдаған арбалы әскер болды. Египет қосөзендік Митанни империясын бағындырып, Палестинаға, Сирияға және Финикияға қарсы жаулаушылық соғыстар жүргізді. Б.з.д. 1468 жылдан бастап египеттіктер Сирия мен Палестинаға өз билігін жүргізе бастады. Б.з.д. I мыңжылдықта жиі болған соғыстар Египет елін әлсіретіп, империя Алдыңғы Азия елдеріне тәуелді болып қалды.

II Рамсестің хеттерге жорық жасау себептерін анықтаңдар.



Кадеш түбіндегі шайқас

## §11

ХАММУРАПИ ПАТША ВАВИЛОНДЫ ҚАЛАЙ  
ҚУАТТЫ ИМПЕРИЯҒА АЙНАЛДЫРДЫ?

## Бұл сабақта сендер:

- Вавилон патшалығының қалай күшейгенін анықтайсыңдар;
- Вавилонның қалай басқарылғандығын түсіндіресіңдер;
- «заң» ұғымын анықтайсыңдар;
- Хаммурапи заңдарын зерттейсіңдер.

**заң  
шенеунік  
иерархия**



Тасқа қашалып  
жазылған  
Хаммурапи  
заңдары

## ВАВИЛОН ПАТШАЛЫҒЫ

Б.з.д. XX – XIX ғғ. Месопотамия қалаларының арасында болған үздіксіз соғыстар қалалардың әлсіреуіне әкелді. Вавилон (Баб-Или – «Құдайға апарар қақпа») қаласы маңызды саяси орталыққа айналды. Бұған қаланың орналасқан орны себеп болды. Вавилон арқылы құрлықтық және сумен өтетін сауда жолдары байланысып жатты. Суландыру жүйесі де дамыды. Қала каналдармен және қорғаныс қамалдарымен қоршалды. Ал оның көшелері кең болатын.

Хаммурапи б.з.д. 1792–1750 жж. патшалық етті. Ол I Вавилон әулетінің алтыншы патшасы болды. Хаммурапи – шексіз билікке ие болған көшбасшы. Оның көреген және данышпан билеуші, шебер қолбасшы ретінде даңқы шықты. Жаулары оны айлакер және екіжүзді патша ретінде таныды. Жылжымалы әрі жақсы қаруланған әскерді ұйымдастырған Хаммурапи бірқатар ірі қала-мемлекеттерді бағындырды. Даңқты билеуші Вавилонның шегарасын кеңейтіп, Месопотамияның барлық аумағында өз үстемдігін құрды.

## Хаммурапи заңдары

Өзінің қарамағындағы халқына Хаммурапи данышпан **заң** шығарушы ретінде танылды. Оның шығарған заңдары мемлекеттің барлық тұрғындары үшін орындалуы міндетті ережелер болып саналды. Заңдар Вавилон тұрғындарының құқықтық жағдайын айқындайтын. Онда қылмыс жазалары белгіленді, отбасындағы және адамдар арасындағы қатынастар реттелді.

Хаммурапи патша былай деген: «Күшті адамдар әлсіз адамдарға қысым көрсетпеуі үшін мен өз сөздерімді тасқа қашап жаздым. Мен өз елімде әділеттіліктің жарығын шаштым». Бірақ бұл заңдар әділ болды ма?



Хаммурапи заңдарының баптары

- Месопотамия халқына заң қажет болды ма?
- Сендер күнделікті өмірде белгілі бір ережелерді, нормаларды сақтайсыңдар ма?
- Біз, яғни ХХІ ғасыр адамдары үшін, заң қандай рөл атқарады?

## ВАВИЛОН ПАТШАЛЫҒЫН БАСҚАРУ

Вавилон патшалығында қатал **иерархиялық** жүйе, яғни басқару тәртібі орнады. Патша мемлекеттің билеушісі болды. Ол өзін жер бетіндегі құдайдың өкілі ретінде танытты. Абыздар патшаның билігін шектеп отырды.

Мемлекеттің сот жүйесінде негізгі қызметті патша соты атқарды. Ебадатхана және қауымдар соты өзінің ықпалынан айырыла бастады. Оның қызметтерін патшаның сенімді өкілдері іске асырды. Мемлекеттік қызметтерді **шенеуніктер**, яғни патша әкімшілігі иеленетін.



Вавилон патшалығындағы басқару органдары мен қоғам топтарының иерархиясы

Мемлекетті басқару жүйесінде хатшылар маңызды рөл атқарды. Қалаларды әкімдер басқарды, ал ауылдық аймақтарда басшылық етуге қауымдық кеңестер мен қауым ақсақалдары сайланды. Олар шаруалардың, қолөнершілердің, саудагерлердің өмірін, сонымен бірге құлдардың еңбегін қадағалады.

Патша ауыр және жеңіл қаруланған жауынгерлеріне арқа сүйеді. Оларға әскери қызметі үшін жер үлестері берілетін. Әскерде қатал тәртіп орнады.

## §12

ТАЯУ ЖӘНЕ ОРТА ШЫҒЫСТАҒЫ ЕЖЕЛГІ  
ИМПЕРИЯЛАР НЕЛІКТЕН ҚУАТТЫ БОЛДЫ?**Бұл сабақта сендер:**

- империялардың қалыптасуына соғыстың қалай әсер еткенін білесіңдер;
- империялардың басқару жүйесінің ерекшеліктерін түсіндіресіңдер;
- ежелгі империялардың шаруашылық жүйесін сипаттайсыңдар.

**держава**  
**провинция**  
**сатрапия**

Б.з.д. X ғ. бастап б.з. VI ғ. дейінгі кезеңде Алдыңғы Азияда бірнеше қуатты империя болды.

**Империяны табыңдар**

41 және 105-беттерде берілген карталардан кестеде көрсетілген держава-ларды сипаттаңдар.

Ассирия державасы	Жаңа Вавилон патшалығы	Парсы империясы
Ежелгі Ассирия – Урарту, Вавилон, Мидия елдерімен соғыс жүргізді. Оны табиғи ресурстарға бай аймақ – Шығыс Жерорта теңізі қызықтырды. Тир, Дамаск және т.б. ірі қалалар арқылы халықаралық құрлықтық және теңіз сауда жолдары өтіп жағты. Бұл аймақтың бағындырылуы Азиядағы Жерорта теңізі мен Мысырдан жаңа жаулаушылық жорықтарға жол ашатын. Ассирия Парсы шығанағынан Нил өзеніне дейінгі кең-байтақ империяның орталығына айналды.	Ассирия державасы құлағаннан кейін Вавилон жаңа өрлеу дәуіріне аяқ басты. Вавилон патшалары Месопотамияның орасан зор бөлігін өздеріне бағындырды. Кейін Сирия, Финикия мен Палестинаны қосып алды. Ассирия державасының солтүстік бөлігі Мидияның қол астында қала берді.	Парсы патшалығы құрыла салысымен Алдыңғы Азияға жаулаушылық жорықтарын бастады. II Кир патша Мидия мен Эламды бағындырып, Сузы қаласын империяның астанасына айналдырады. Содан кейін, Лидияны қосып алып, Вавилон империясына бақылау жүргізді. Империя бұрын Ассирия мен Вавилонға тиесілі болған барлық жерлерді қамтыды. Б.з.д. 530 ж. парсылар Орта Азиядағы массагеттерге шабуыл жасады. Ұрыстардың бірінде II Кир қаза тапты. Бұл шайқас қазақ халқының ата-бабалары – сақтардың әскери өнерінің маңызды тарихи беттерін құрады. II Кирдің баласы Камбиз патша Египетті бағындырып, өзін перғауын деп жариялады. Осылайша Парсы империясы қалыптасты.



## АССИРИЯ ДЕРЖАВАСЫ

Б.з.д. XVII ғ. Ассирия өрлеу кезеңін басынан кешірді. Металл мен ағаштың тапшылығы, жерлерді басып алу және құл иелену талпынысы ассириялықтарды соғыс жүргізуге итермеледі. Сонымен бірге олар қолайлы сауда жолдарына бақылау орнатуға мүдделі болды.

Ассирияның әскері жаяу әскерден, салт аттылар мен қос дөңгелекті арбалардағы жауынгерлерден тұрды. Қару-жарақ қоладан, темірден жасалды. Барлау қызметі де табысты жұмыс атқарды. Бізге жеткен мәліметтер бойынша, әскер саны 120 мыңға дейін жеткен. Ассирия патшалары жеңілген халықтарға аса қаталдықпен қарады.

Держава кеңейді, оны тиімді түрде басқару қажеттілігі туындады.

Барлық билік патшаның қолына шоғырланды. Мемлекеттің халқы бірқатар ауыр салықтар төлеуге міндеттелді. Жаулап алынған аумақтар **провинцияларға** бөлінді. Оларды әкімдер мен шенеуніктер басқарды.

Суландыру жүйесінің жетілдірілуі, жаңа еңбек құралдарының қолданысқа енгізілуі жүзім шаруашылығының, бау-бақша кәсіптерінің дамуына әсер етті. Мал басының саны да арта түсті. Metallургияның дамуы жолға қойылды.

- Империялардың қайсысының жер аумағы үлкен болды?
- Қандай аумақтар түрлі кезеңде қарастырылған үш империяның құрамында болды?



Өзен өткелінен өту



Қамал бұзатын қару — таран

## ЖАҢА ВАВИЛОН ИМПЕРИЯСЫ

Вавилондықтардың басты кәсібі егіншілік болған. Алқапты дала аймақтарын суару үшін көптеген канал қазылды. Қолөнердің көптеген түрі дамыды. Вавилон патшалығы халықаралық сауда ісінде делдал қызметін атқарды. Мұнда бүкіл әлемнің тауарларын табуға болатын еді.

Патша сарайы төңірегіндегілер қоғамның жоғарғы табын құрады. Патшаға жоғарғы шенеуніктер, елшілер, патша туыстары бағынды. Абыздар қоғамда құрметке ие болды. Қарапайым халық еркін тұрғындар мен құлдарға бөлінді.

Вавилонның күшеюіне II Навуходоносор патша зор үлес қосқан. Оның тұсында қала берік қамалға айналды. Алайда ол дүние салғаннан кейін абыздар мен шонжарлар арасында билік үшін күрес басталады. Набонид патшаның елдің қуаттылығын сақтап қалу үшін жасаған талпынысы сәтсіздікке ұшырады.

Парсылар Вавилон мемлекетінің шегарасына жақындаған кезде оның жауларға қарсы тойтарыс беретін күші болмады. Вавилон патшалығы біраз уақыт парсыларға салық төлеп, жартылай тәуелді болды.



Бехистун жартасының қабырғасындағы I Дарий және тұтқынға алынған көтерілісшілердің жетекшілері бейнеленген рельеф. Б.з.д. VI ғ.

## ПАРСЫ ИМПЕРИЯСЫ

Парсылардың құдіретті патшасы I Дарий жаулап алу соғыстарын белсенді жүргізді. Оны «патшалардың патшасы» деп те атады. Мемлекетті тиімді басқару үшін ол реформалар жүргізді. Империя аумағы 20 облысқа – *сатрапияларға* бөлінді. Сатрап қызметіне парсы ақсүйектері тағайындалды. Дарий олардың қызметіне қатаң бақылау жүргізді. Ол салық жинаудың жаңа жүйесін енгізді. Салықтың төленбегені үшін аса ауыр жаза тағайындалатын.

Патша аса ірі шенеуніктер аппаратына арқа сүйеді. Бағындырылған мемлекеттердің дәстүрлі құқықтары негізінде империяның ортақ заңдары құрастырылды. Патша жаңа заңдар шығарып, кез келген уақытта ескі заңдарға өзгерістер енгізіп отырды.

Парсы елінде қолөнер, құрылыс ісі дамып, сауда-саттық гүлденді. Сауда әлемінде ұзақ уақыт бойы негізгі валюта ретінде алтын «дарик» қолданыста болды.

Парсы империясының қуаттылығы әскерге байланысты болды. Әскер салт аттылар мен жаяу әскерден, сонымен бірге әскери қос дөңгелекті арбалардан құралды. Негізгі қару – әскери садақ болды.

Парсы патшалары мықты әскерді ғана емес, сонымен бірге дамыған мемлекеттік басқару жүйесін де қалыптастырды. Бұл олардың бүкіл Алдыңғы Азияда үстемдік етуіне жағдай жасады. Алайда бағындырылған халықтардың жиі бас көтеруі империяны әлсіретті.

### Анықтаңдар

- Қалай ойлайсыңдар, ежелгі империялардың құдіреттілігінің себептері неде?



## §13

ЕЖЕЛГІ ОРТА АЗИЯ ИМПЕРИЯЛАРЫ  
ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚУАТТЫ БОЛДЫ?**Бұл сабақта сендер:**

- ежелгі империялардың қалай құрылғанын зерделейсіңдер;
- ортаазиялық империялардың басқару ісін салыстырасыңдар;
- империялардың шаруашылығының дамуын сипаттайсыңдар.

**диз****дизпаттар****орталықтанған мемлекет  
марзбану****Картамен жұмыс**

Қазақстан және Орта Азия картасы

Қазіргі Қазақстан мен Орта Азия картасына назар аударыңдар. Біздің елімізбен оңтүстікте қандай елдер шектеседі?

**ГРЕК-БАКТРИЯ ПАТШАЛЫҒЫ**

Орта Азиядағы Ахеменид (Ахеменидтер – Парсы патшалығын билеген әулеттердің бірі) империясының маңызды сатрапиясы Бактрия болатын. Александр Македонскийдің империясы ыдырағаннан кейін Бактрия Селевкид мемлекетінің құрамына енді. Селевкид Александр Македонскийдің беделді қолбасшыларының бірі болды. Ол Месопотамия мен Орта Азия аймақтарында билік жүргізген әулеттің негізін қалаушы болған. Ша-



I Евтидемнің тетрадрахмасы

мамен б.з.д. 256 ж. бактриялық сатрап Диодот өзін Грек-Бактрия патшалығының (қазіргі кездегі Солтүстік Ауғанстанның аумағы) тәуелсіз билеушісі деп жариялайды. Мемлекеттің құрамына Согдиана мен Маргиана кірді. Евтидем

патша Селеквид әулетінің билеушісі III Антиохтың Бактрияны қайтадан өзіне бағындыру мақсатында ұйымдастырған шабуылына тойтарыс беріп, тәуелсіздігін сақтап қалды. Евтидемнің баласы Деметрий патшалықтың аумағын кеңейтті. Ол Үндістанның бір бөлігін қосып алды.

Грек-Бактрия патшалығының саяси жүйесіне, тарихы мен мәдениетіне Ежелгі Грекияның ықпалы зор болған. Әсіресе, бұл басқару жүйесі мен ақша айналымында айқын көрінді.

Бұл мемлекетте ауылдық мекендер мықты мұнаралы қамалы бар қалаларға айналды. Қалалардың саны артты. Олар қолөнер мен сауда-саттықтың маңызды орталықтарына айналды. Антикалық тарихшылар Грек-Бактрияны «мың қала елі» деп атады.

Грек-Бактрия әскері ақсүйек өкілдерінен тұратын атты әскерлер мен еркін адамдар кірген жаяу әскерден құралды. Әскери істе қос дөңгелекті арбалар мен пілдер қолданылды. Дегенмен, Грек-Бактрия жүргізген үздіксіз соғыстар оның әлсіреуіне әкелді. Көшпелі юэчжи тайпалары бұл жағдайды ұтымды пайдаланды. Олар б.з.д. 140–130 жж. Жетісу арқылы Орта Азияға баса көктеп кіре бастады.



Грек-Бактрия патшалығы

## ПАРФИЯ ПАТШАЛЫҒЫ

Ежелгі заманда қазіргі Түрікменстан мен Иран аумағында Парфия патшалығы болған. Патшалық Селевкидтер мемлекетінен бөлініп, Грек-Бактриямен бір уақытта жеке-дара мемлекетке айналды. Елдің билеушісі Аршак мемлекетті нығайтып, қамалдар салдырып, өз ақшасын шығара бастады. Бірақ патшалықтың тәуелділігі сақталды. I Митридаттың тұсында мемлекеттің шегарасы кеңейе түседі. Ең алғаш Мидия жаулап алынды, кейін Месопотамияның барлық аумағы бағындырылды. Б.з.д. 141 ж. I Митридат өзін Вавилонның патшасы деп жариялады.

Патшалықтың билеушісі *марзбану* лауазымына ие болған. Бұл сөз парсы тілінен аударғанда «шегараны сақтаушы» деген мағынаны білдіреді. Оған сатрап, яғни облыстың билеушісі, әкім бағынатын. Сатрапиялар *диздерге* бөлінетін, оларды *дизпаттар* – аймақтардың немесе кіші қамалдардың билеушілері басқарды.

Парфияда қалалар, қолөнер, халықаралық сауда дамыды. Сауда қауіпсіздігі үшін күзетшілер қызмет етті және керуен жолдарын сипаттайтын арнайы нұсқаулар жасақталды.

Марзбану тайпа ақсүйектерінің және абыздардың кеңесімен сайланатын. Шағын патшалықтардың билеушілері зор дербестікке ие болатын. Парфия *орталықтанған мемлекет* болған жоқ.

Парфия патшалығының әскері сауыт-сайманмен қорғалған садақшылар мен ауыр қаруланған жауынгерлер кавалериясынан құралды. Парфияның

шығыс шегараларын сақ тайпалары мазалап тұратын. Парфиялық көш-басшылар көшпенді тайпалармен бейбіт келісімге келуге тырысты.

Парфия мемлекеті Римнің Азияға өтуіне басты кедергі болды. Риммен болған қақтығыстар Парфия елін әлсіретті.

Б.з.д. I ғ. соңы – II ғ. басынан бастап Парфия державасы жергілікті билеушілердің жеке-дара бөліну талпынысының әсерінен әлсіреп кетті.



Парфия патшалығы

## КУШАН ДЕРЖАВАСЫ

Кушан державасы ыдыраған Грек-Бактрия патшалығының аумағында құрылды. Б.з.д. I ғасырда көшпелі тайпалардың шағын одақтары I Қатпыздың қоластына бірікті. Мемлекеттің астанасы Бактр қаласы болды. II Қатпыз билігі кезінде Үндістанның солтүстік бөлігі, Орта Азияның үлкен аймағы қосып алынды. Оның тұсында Кушан империясы ірі державалардың біріне айналады. Оның аумағын Ұлы Жібек жолы қиып өтетін. Негізгі таралған тауарлар: дәмдеуіштер, хош иісті заттар, асыл тастар, жібек, күріш, қант, піл сүйегі, рим алтыны болды.

Бактриялықтар сияқты кушандықтар да суармалы егіншілікпен айналысты. Сол заманда сұлу әрі төзімді кушандық жылқылар жоғары сұранысқа ие болды.

Кушан державасы «патшалардың патшасының» басқаруымен орталықтанған мемлекетке айналды. Мемлекеттің көшбасшысы алуан түрлі қызметкерлерден құралған шенеуніктер аппаратына арқа сүйеген. Қалаларды патшаның өкілдері биледі.

Патшалықтың әйгілі билеушісі Қанышке патша болған. Ол елді б.з.д. II ғасырдың бірінші жартысында басқарды. Қанышке Шығыс Түркістанды жаулап алып, өз шегарасын кеңейтті. Шығыста Кушан патшалығы Қытаймен шектесті. Бұл екі елдің арасында жиі-жиі қақтығыстар болып тұрды. Кушан патшалығы Қытайдың Хань әулеті әскерінің баса көктеп кіруін тоқтатты. Б.з.д. III ғасырда парсы жерінде Сасанид мемлекеті пайда болды. Сасанидтермен соғыс барысында Кушан мемлекеті жеңіліске ұшырады.



**Бұл тарауда сендер:**

- әскери қос дөңгелекті арбалардың ойлап табылуын, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін білдіңдер;
- ежелгі заманда қазіргі Қазақстан аумағында да қос дөңгелекті арбалардың қолданылғаны туралы оқыдыңдар;
- қос дөңгелекті арбалардың хеттер мен египеттіктердің әскерінде атқарған рөлін сипаттадыңдар;
- «империя», «заң», «шенеунік», «иерархия» ұғымдарын түсіндірдіңдер;
- Вавилон патшалығының нығаю себептерін анықтадыңдар;
- Хаммурапи патшаның заңдарын зерттедіңдер;
- Вавилон патшалығының басқару жүйесіне сипаттама бердіңдер;
- Парсы, Ассирия және Жаңа Вавилон империяларын сипаттамасы бойынша картадан анықтадыңдар;
- Парсы, Ассирия және Жаңа Вавилон империяларының қуаттылығының себептерін анықтадыңдар;
- Парсы державасының күшеюіндегі I Дарий реформаларының рөліне баға бердіңдер;
- «держава», «провинция», «сатрапия», «диздер», «дизпаттар», «мирзбану», «орталықтанған мемлекет» деген ұғымдарды түсіндірдіңдер;
- кескін картада Грек-Бактрия, Парфия және Кушан патшалықтарының шегараларын белгіледіңдер;
- ежелгі замандағы азиялық империялардың дамуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды белгіленген критерийлер бойынша анықтадыңдар.



Ниневия кітапханасындағы сазбалшық кітаптар үлгілері. Мосул қаласындағы музей, Ирак

**Жалғастырыңдар:**

Оқиғалар, үдерістер	Салдары
1. Вавилон херші қалалармен болған қақтығыстарда жеңіске жетті.	
2. Ассирияда металл мен ағаш тапшылығы жоғары болды.	
3. Қос дөңгелекті арбалар соғыста пайдаланыла бастады.	
4. Ең алғашқы жазылған заңдар – Хаммурапи патшаның заңдары шығарылды.	
5. Грек-Бактрия патшалығы өлсіреді.	
6. Парсы патшалары қуатты әскер құрды.	
7. Кушан патшалығы шығысында Қытаймен шектесті.	

## 5

# Ежелгі Үндістан: буддизмнің гүлденуі мен индуизмнің триумфі

## СЕНДЕР ҮЙРЕНЕСІҢДЕР

Сендер Таяу және Орта Шығыс империяларынан алыс жатқан шығыс елдеріне саяхат жасайсыңдар. Онда Оңтүстік Азиядағы Гималай тауларының бөктеріндегі Үндістан түбегінің кең-байтақ жерімен, тарихымен танысасыңдар. Мұнда Үнді мен Ганг өзендерінің жағасында ғажайып ежелгі Үнді өркениеті қалыптасты.

Сендер тарих жұмбақтарының бірінің құпиясын ашасыңдар: қалай және неліктен Үндістанның ежелгі қалалары жер бетінен жойылды? Сендер Ашока императордың Ежелгі Үндістанның шаруашылығы, мәдениеті мен өнерін дамытудағы ролін анықтайсыңдар. Император Ашоканың бұйрығымен б.з.д. III ғ. Сарнахта қаласында салынған Арыстан бейнесіндегі ұшар басы капитель (мұнараның жоғары бөлігі) қазіргі Үндістанның мемлекеттік байрағында бейнеленген.

Сендер ежелгі үнді қоғамының қандай топтарға бөлінгеніне зерттеу жүргізесіңдер. Брахманизм, индуизм, буддизм сияқты ежелгі үнді діни наным-сенімдері және олардың қайсысы ежелгі заманда кең таралып, басым болғаны туралы қорытынды жасайсыңдар.

Сендер ежелгі әлемде Үндістанның сауда орталығына айналу себептерін анықтайсыңдар. Сонымен қатар ежелгі үнділердің қандай өнертабыстары мен ғылыми ілімдері қазіргі күнге дейін қолданылатынын білесіңдер.

## Ойланып көріңдер

- Ежелгі Үндістан туралы не білесіңдер?
- Үндістан туралы сендер қандай кітаптар оқыдыңдар?
- Неліктен Ежелгі Үндістанның діни наным-сенімдері қазіргі күнге дейін сақталған?




# §14

## ЕЖЕЛГІ МОХЕНДЖО-ДАРО ҚАЛАСЫ ҚАЛАЙ ЖОЙЫЛЫП КЕТТІ?


**Бұл сабақта сендер:**

- Үндістанның ежелгі өркениеттерінің ерекшелігін зерттейсіңдер;
- тарихи деректердің мазмұнын түсіндіресіңдер;
- Мохенджо-Даро қаласының жойылып кету себептерін анықтайсыңдар.

**ари  
санскрит  
ведалар**



Өзен алақтарындағы өркениеттер



Уақыт сызығы

### Уақыт сызығынан көрсетіңдер

Картаны пайдаланып, Үнді аңғарындағы өркениеттердің қалыптасу мерзімін уақыт сызығында көрсетіңдер. Осы уақытта тағы қандай өркениеттер болғанын естеріңе түсіріңдер.

### ЕЖЕЛГІ ҮНДІСТАН

Азияның оңтүстігінде Үндістан түбегі орналасқан. Бұл жерде екі ірі өзен: Үнді және Ганг ағып өтеді. Б.з.д. III мыңжылдықтың ортасында Үнді өзенінің аңғарында ерекше Үнді өркениеті қалыптасты. Бұл жерді қола өңдеуді игерген, қолөнердің көптеген түрлерін меңгерген, жазуы бар және әсем қалалар тұрғызған халық мекен етті. Үнді аңғарының тұрғындарының басты кәсібі егіншілік пен мал шаруашылығы болған.



Мохенджо-Даро қаласының қалпына келтірілуі

## ҮНДІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ТАҒДЫРЫ ҚАНДАЙ БОЛДЫ?

Археологтар Хараппа және Мохенджо-Даро қалаларының орындарын көп зерттеген. Сол заманда Мохенджо-Даро ең ірі қалалардың бірі болған. Қаланың орталығында билеушінің сарайы – алып қамал тұрды. Қамалдың сыртында кең әрі тура көшелері бар қала аудандары орналасты. Мохенджо-Даро қаласы орнындағы қазба жұмыстары кезінде жалпықалалық су құбырының жүйесі табылды. Қаланың орнынан ғалымдар көптеген тұрмыстық заттарды, еңбек құралдарын, әшекей бұйымдарын тапқан болатын.

Б.з.д. XVIII ғасырдың соңына таман ежелгі үнді қалалары құлдырауға ұшырады. Бұның себебі ретінде бірнеше болжам айтылады.

## ҮНДІСТАНДАҒЫ АРИЙЛІК ТАЙПАЛАР

Б.з.д. II мыңжылдықтың екінші жартысында солтүстік-батыстан Үндістанның аумағына *арий* тайпалары басып кірді. Арийлердің келуі және олардың Үндістанда орнығуын *ведалық кезең* деп атайды. Сол кезде *санскрит* (арийлердің тілі) тілінде қасиетті кітаптар – *ведалар* құрастырылды. Кейіннен арийлер мен жергілікті тайпалар бір халық болып қалыптасты.

## Мохенджо-Дароның жойылу себептері

1. Хараппа мәдениетін солтүстік-шығыстан келген көшпелі тайпалар жойды

2. Үнді ақхабындағы қалалар табиғи апаттардан кейін өскіреп күйреді

3. Үнді аристері өсімдіктердің табиғи ресурстарды дұрыс пайдаланбауының салдарынан жойылып кетті

4. Үнді ақхабындағы қалалардың тұрғындары кең таралған індет салдарынан жойылып кетті

## Болжам жасаңдар



Мохенджо-Даро тұрғындарының қырылуы

Мохенджо-Даро қаласының орнын қазған кезде археологтар шамамен суретте көрсетілгендей көрініске тап болды.

• Бұл сурет Хараппа өркениетінің жойылуына қатысты болжамдардың қайсысына дәлел болуы мүмкін?



## §15

НЕЛІКТЕН ЕЖЕЛГІ ҮНДІСТАНДА ИНДУИЗМ  
БУДДИЗМНЕН БАСЫМ БОЛДЫ?**Бұл сабақта сендер:**

- Брахмандар, кшатрийлер, вайшьилер, шудралар туралы білесіңдер;
- касталық жүйенің ерекшеліктерін зерттейсіңдер;
- индуизм мен буддизмнің айырмашылығын түсінесіңдер;
- индуизм мен буддизмнің қоғамдағы ықпалын дәлелдейсіңдер.

**реинкарнация**  
**карма**  
**каста**  
**нирвана**



Үнді қызы

- Брахман құдайы бейнеленген сурет бойынша 3 сұрақ құрастырыңдар.



Брахма құдайы

**ИНДУИЗМ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?**

Б.з.д. VI–II ғасырларда үнділер брахманизм дінін ұстанды. Басты құдайларын Брахма, Шива және Вишну деп атады. Брахма – бүкіл әлем мен тәртіпті жаратушы. Шива – табиғаттың қиратушы күштерінің иесі, ал Вишну – адамзат өмірін жаратушы және оны қорғаушы құдай деп саналады.

Брахманизмнің дамуы индуизмнің қалыптасуына негіз болды. Индуизмде бұрынғы құдайлар сақталды, бірақ индуизм жанның бір денеден екіншісіне көшуі – **реинкарнацияны** мойындайды. Адамның келесі өмірде кімге айналуы оның қазіргі өмірдегі іс-әрекетіне байланысты. Бұл заң **карма** деп аталады. Индуизм дінін ұстанушылар сиыр, жылан сияқты қасиетті жануарларға табынған және Ганг өзенін қасиетті деп санаған.

**КАСТАЛЫҚ ЖҮЙЕ**

Брахма адамдарды үш топқа бөлді. Мұндай топтарды **каста** деп атайды. Әрбір кастаны ол өзінің дене мүшесінен жаратты. Барлық адамдар тумысынан өзінің ата-бабасының кастасына жатқызылатын. Бір кастадан екінші кастаға ауысуға тыйым салынды. Үнділердің касталарға бөлінуі теңсіздіктің шығуына алып келді.



Брахма және касталар

## БУДДА ДЕГЕН КІМ

Б.з.д. VI ғ. Үндістанда буддизм қалыптасты. Бұл діннің негізін қалаушы – Сиддхартха Гаутама. Гаутаманың түсінігі бойынша, бақытсыздық – адамның тілектерінен туындайды. Егер адам өз тілек-ықыласын жеңетін болса, онда ол рақатқа бөленіп, шексіз тыныштық жағдайына – **нирванаға** қол жеткізеді. Гаутаманы ел Будда, яғни «жарық сәулелі, таза» деп атай бастады.

Буддизмнің қасиетті кітабы – Трипитака. Буддизм әлемнің көптеген елдеріне кең тарала бастады. Ал Үндістанның өзінде негізгі дін ретінде индуизм сақталған.

## АШОКА ПАТШАНЫҢ ТАЛПЫНЫСЫ

Б.з.д. III ғ. Ашока патша буддизмді қабылдады. Ол буддизмді халықты біріктіру үшін қолданғысы келді. Патша пұтқа табынушылар үшін ғибадатханалар мен монастырьлар салдырды. Брахмандар патшаның қарсыластарына айналды. Олар касталық жүйені сақтауға талпынды. Нәтижесінде Ашока қайтыс болғаннан кейін оның мемлекеті: батыс және шығыс бөліктерге бөлініп кетті.

## Сәйкестендіріңдер

• Төменде келтірілген касталарды сипаттайтын сын есімдерді сәйкестендіріңдер: бағынушы, сауатты, қызмет етуші, ауқатты, билеп төстеуші, құқықсыз, қорғалмақ, діншіл, бұйрық беруші, кедей.



Будда өз шәкірттерімен бірге

## Ойланыңдар

«Адамды оның туған ортасы емес, іс-әрекеті төменгі кастаның мүшесіне немесе брахманға айналдырады», (Будданың айтқандарынан).

• Будданың бұл пікірі индуизмнің қандай басты белгісіне қайшы болып саналады?

## §16

ЕЖЕЛГІ САУДА ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ  
ҮНДІСТАННЫҢ РӨЛІ ҚАНШАЛЫҚТЫ  
МАҢЫЗДЫ БОЛДЫ?

## Бұл сабақта сендер:

- ежелгі үнділердің шаруашылығын сипаттайсыңдар;
- ежелгі үнділердің саудасы мен керуен жолдарының бағыттарын анықтайсыңдар;
- ғылымның дамуына шаруашылық пен сауданың ықпалын түсіндіресіңдер.

**зебу**  
**дәмдеуіш**  
**каботаждық сауда**  
**эпалон**



Дони – ежелгі үнді каботаждық кемесі


## ҮНДІЛЕР НЕ ӨСІРДІ ЖӘНЕ ӨНДІРДІ?

Б.з.д. II мыңжылдықтың соңында Үндістан халқы бірте-бірте қоладан темір өндіруге көше бастады. Олар өндіретін өнім мөлшері арта түсті. Үнді мен Ганг өзендерінің аңғарларында егіншілік, мал шаруашылығы мен қолөнер дамыды. Шаруалар күріш, бидай, арпа, мақта, күнжіт пен т.б. егіп, мол өнім алды. Малшылар сиыр, **зебу** (бұқаның түрі), жылқы мен қой өсірді. Қолөнершілер кен ісінде, тоқымашылықта, сондай-ақ асыл тастарды, сүйекті, ағашты өңдеуде жоғары деңгейлі шеберлікке көтерілді. Олар зергерлік бұйымдар, бағалы маталар дайындап, заттар мен **дәмдеуіштерді** өндірген.

## Елестетіп көріңдер

Өздеріңді көпес ретінде елестетіңдер. Жұптасып, сұрақтарды талқылаңдар.

- Басқа елдерге сату үшін қандай тауар апаратын едіңдер?
- Үнді тауарларын сату үшін қандай мемлекеттерге баратын едіңдер?



Үнді сауда керуені

**Кескін картаға сауда бағыттарын енгізіңдер.**

- Үнді тауарларының басқа елдерге тасымалдануының қандай тиімді бағдары болды?
- Бұл бағдар қандай географиялық аймақтар арқылы өтті?

**ҮНДІЛЕР КІМДЕРМЕН САУДА ЖҮРГІЗДІ?**

Сыртқы сауда бірқатар елдермен: батыста – Египет және Месопотамиямен, шығыста – Қытай және Оңтүстік-Шығыс Азиямен, солтүстікте – Иран және Орта Азиямен жүргізілді. Негізінен керуен саудасы және **каботаждық** (жағалау) сауда дамыды.

**Ойланыңдар**

Сауда ісін сәтті жүргізу үшін ежелгі үнді көпесі қандай ғылыми білімдерге ие болуы тиіс?



Үнді саудагерлері



Таразы және оның тастары

**Рефлексия**

Сингх саудагерінің алыс саяхаттан үйіне оралғанын көз алдарыңа елестетіңдер. Ол өз туыстары мен достарына қандай жаңалықтар айтуы мүмкін?

**Жасап көріңдер**

Ежелгі Үндістанда саудагерлер салмақты және арақашықтықты өлшеу үшін жеке өлшем бірліктерін пайдаланған. Біз қазір метрлік жүйені қолданамыз. Салмақ пен қашықтықты өлшейтін өздеріңнің жеке жүйелеріңді құрастырып көріңдер. **Эталон** ретінде кез келген мөлшерді алуға болады. Бірақ бір ережені ұстаныңдар: сендердің эталондарың қолданысқа ену үшін қарапайым әрі барлық адамдарға түсінікті болуы қажет.

## §17

## ЕЖЕЛГІ ҮНДІСТАНДА ҒЫЛЫМИ БІЛІМДЕР ҚАНШАЛЫҚТЫ ДАМЫДЫ?

## Бұл сабақта сендер:

- тарихи картамен жұмыс істейсіңдер;
- шаруашылық пен ғылымның дамуы арасындағы өзара байланысты зерттейсіңдер;
- Ежелгі Үндістандағы ғылыми ілімдердің даму деңгейін анықтайсыңдар.

**әулет  
болат  
әурведа**

## ГУПТА ИМПЕРИЯСЫ

Маурия **әулетінің** орнын IV ғ. Гупта әулеті басты. Әулет дегеніміз – бір тектен шыққан билеушілер. Гупта әулеті Үндістанның солтүстігіндегі барлық мемлекеттерді біріктірді.

Осы әулеттен шыққан II Чандрагупта көрші мемлекеттермен жүргізген соғыстарымен әйгілі болды. Жаулап алынған халықтар оған алым-салық төлеген. Алайда V ғасырда Үндістанға Орта Азиядан көшпелі ғұн тайпаларының бір бөлігі (эфталиттер, «ақ ғұндар») баса көктеп кірді. Империяның құлдырау кезеңі басталып, VI ғ. басында мемлекет ыдырады.

## Үндістан табиғатын сипаттаңдар



Гупта империясы

Картадан Үндістанның егіншілікпен айналысуға қолайлы аймақтарын көрсетіңдер.

«Гупта империясы» атты картаға назар аударып, сұрақтарға жауап беріңдер:

- Неліктен II Чандрагупта Үндістанның солтүстік аумағын жаулап алуға ұмтылды?
- Гупта империясының экономикалық орлеу себебі неде?

## ГУПТА МЕМЛЕКЕТІНІҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Гупта империясы тұсында шаруашылық пен қолөнердің дамуы жалғасын тапты. Үнді егіншілері жерді тыңайтуды үйреніп, орманды жерлерді егін алқаптарына айналдырды. Жер өңдеушілер жылына 2–3 рет өнім алатын. Олар жасымық, пияз, қияр, асқабақ, бұрыш пен дәмдеуіштер өсірді.

Үнді тоқымашылары жібек мата тоқыды. Әсіресе, үнді кеншілерінің темірден және болаттан жасалған бұйымдары ерекше бағаланды. **Болат** – темірге басқа қоспалар қосу нәтижесінде алынған берік құйма. Тастан зәулім сарайлар мен ғибадатханалар салынды.

**Ойланыңдар**  
Суреттерге назар аударыңдар.



Жер өңдеушілер



Құрылысшылар



Ұсталар

## ЕЖЕЛГІ ҮНДІЛЕР ҚАНДАЙ БІЛІМДІ МЕҢГЕРДІ?

Астрономдардың Жер шар тәрізді екеніне көздері жетті.

Математиктер ондық санау жүйесін ойлап тапты. Біз араб сандары деп атайтын сандар үнді сандары болып есептеледі. Арабтар оларды үнділерден үйренді. Үнді математиктері нөл санын енгізді және *пи* санының анағұрлым нақты мәнін анықтады.

Үнді емшілері дәрілік өсімдіктер мен хирургиялық құралдарды пайдаланып, науқастарды емдей алатын. Медицина жөніндегі білімді **аюрведа**, яғни «ұзақ өмір сүру туралы ғылым» деп атады.



Ежелгі өркениеттердің ғылыми білімдері

### Естеріңе түсіріңдер

- Сызбада көрсетілген елдердің тұрғындары қандай білімді меңгерді?
- Аталған білімдердің қайсысын біз қазіргі күні қолданамыз?

**Бұл тарауда сендер:**

- үнді өркениетінің қалыптасу тарихымен таныстыңдар;
- Хараппа мәдениетінің жойылу себептерін анықтадыңдар;
- ежелгі Мохенджо-Даро қаласында болған оқиғалар бойынша өз болжамдарыңды талқыладыңдар;
- Ежелгі Үндістан тарихына арий тайпасының тигізген ықпалы жөнінде қорытынды жасадыңдар;
- үнділердің ежелгі діни наным-сенімдерінің ерекшеліктерін сипаттадыңдар;
- «каста», «варна», «реинкарнация», «карма», «нирвана» ұғымдарын қолдануды үйрендіңдер;
- ежелгі үнді қоғамының касталарға бөліну себепін анықтадыңдар;
- Гаутаманың кім екенін және оны не себепті «жарық сәулелі, таза» деп атағанын түсіндірдіңдер;
- Ашоканың кім болғанын және оның не себепті буддизм дінінің таралуына қолдау көрсеткенін анықтадыңдар;
- Ежелгі Үндістандағы шаруашылық пен қолөнердің ерекшеліктерін, егіншілердің қандай мәдени дақылдарды өсіріп, өндіргеніне сипаттама бердіңдер;
- не себепті Үндістан ежелгі дүние саудасында маңызды рөл атқарғаны туралы болжамдар келтірдіңдер;
- Гупта империясының қашан және қайда құрылғанын, Чандрагуптаның кім болғанын анықтадыңдар;
- ежелгі үнді қолөнершілері қандай білімдерге ие болғанын, үнді математиктері, астрономдары, дәрігерлері қандай жаңалықтар ашқанын анықтадыңдар.

**Өздеріңді тексеріңдер**

*Кестелерді толтырыңдар.*

**Ежелгі Үндістан мемлекеттері**

Атауы	Билік құрған уақыт	Билеушілері
	б.з.д. III м.ж. – б.з.д. XXIII ғ.	
Маурья мемлекеті	II Чандрагупта	

**Ежелгі Үндістанның шаруашылығы мен қоғамдық өмірі**

Негізгі кәсібі	Мемлекеттік құрылысы	Қоғамдық қатынастары

## 6

## Ежелгі Қытай

## СЕНДЕР ҮЙРЕНЕСІҢДЕР

Үндістаннан солтүстік-шығысқа қарай жалғасатын сапарымыз өте ауыр. Себебі жол қиын әрі аяқ баспас Тибет арқылы өтеді. Сол себептен бізге үнді көпесіне қосылып, Үндіқытай түбегінің жағалауын кемемен айналып өтіп, «Аспан асты елі» – Қытай жеріне жетеміз. Қытайлықтар өз елін осылай атайды, себебі олар ертеден Аспанға табынған. Бұл мемлекет – ғажап та ғылыми маңызы зор тарихи ескерткіштерге толы аймақ.

Тарауды зерттеп, сендер ежелгі қытайлықтардың даналығын танысыңдар. Неліктен конфуцийшілдер мен даосистердің өзара дауласатынын және легистер деген кім екенін білетін боласыңдар.

Сендер Қытай жерінде алғашқы мемлекеттің қалыптасуы және оның тұңғыш императоры туралы білетін боласыңдар. Бірегей археологиялық жәдігерлерді талдай отырып, император Цинь Шихуандидің ұлы құпиясының сырын білесіңдер. Сендер «жеңілмейтін» терракота әскерінің жауынгерлерімен танысасыңдар.

Әйгілі Ұлы Қытай қорғанының құрылысы Цинь Шихундидің есімімен байланысты. Қорғанның ұзындығы соншалықты алып та көлемді – ол тарыштан да көрінеді.

Сонымен қатар сендер ежелгі қытайлықтардың өте маңызды ғылыми білімдері мен өнертабыстары туралы білетін боласыңдар. Ежелгі заманда көптеген пайдалы және қажетті заттардың, мысалы, қағаз бен тұсбағдардың (компас) ойлап табылуы таңғалдырады.

## Ойланып көріңдер

- Сендер ежелгі Қытай туралы не білесіңдер?
- Ежелгі Қытайдың қандай сәулет ескерткіштері белгілі?
- Ұлы Жібек жолының Қытай тарихымен байланысы бар ма?





## §18

## ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ ОЙШЫЛДАРЫ НЕНІ ҮЙРЕТТІ?

## Бұл сабақта сендер:

- конфуцийшілдік пен даосизмді бір-бірінен ажыратуды үйренесіңдер;
- «легизм» ұғымына түсіндірме бересіңдер;
- діннің қоғам өміріне тигізетін ықпалын сипаттайсыңдар.

**конфуцийшілдік**  
**даосизм**  
**легизм**



Конфуций – ежелгі қытай данышпаны

## КОНФУЦИЙШІЛДІК

Ежелгі Қытайдың әйгілі данышпаны Конфуций б.з.д. VI–V ғғ. өмір сүрген. Ол мінсіз қоғамдағы адамның өмір сүру ережелерін жасады. Көне қытай данасының көзқарасы бойынша, мемлекеттегі билік императорға тиесілі болуы тиіс, себебі ол «Көктің ұлы» болып саналады. Барлық халық оған бағынуға және оны әкесіндей құрметтеуге міндетті. Конфуцийдің айтуы бойынша:

«Билеуші – билеуші, азамат – азамат, әкесі – әке, ал баласы – бала болуы керек».

## Суреттердің мәнін ашып әңгімелеңдер.

1.



2.



3.



4.



- Балалар қандай қайырымды істер жасай алады?
- Бұл суреттер неге үйретеді?
- Бұл суреттерді Конфуцийдің ілімімен қалай байланыстыруға болады?

Конфуцийдің іліміне сәйкес, мемлекет – бұл үлкен отбасы. Император қарамағындағы адамдарға балалары сияқты қамқор болуы тиіс, ал оған бағыныштылар оны әкесіндей құрметтеп, бағынуы қажет.

Кейіннен Конфуцийдің ілімі діни сипатқа ие болып **конфуцийшілдікке** айналды.

## ДАОСИЗМ

Ежелгі Қытай ойшылы, б.з.д. VI–V ғғ. өмір сүрген Лао-цзы адам мен табиғаттың үйлесімділігін насихаттады. Оның ілімі **даосизм** деп аталды. «Дао» – «жол», яғни «табиғат заңдарын сақтау» деген мағынаны білдіреді. Данышпан қоғамға заң, тіпті билеуші де қажет емес деп есептеген. «Әрбір адам ар-ұят заңы бойынша өмір сүруі керек, сонда тәртіп болады», – деп ойлады Лао-цзы. Уақыт өте даосизм діни ілімге айналды.

## ЛЕГИЗМ

Б.з.д. IV–III ғғ. Қытайда тағы бір философиялық ілім – **легизм** қалыптасты. Бұл ілімнің негізін қалаушылардың бірі – Шан Ян. Оның пайымдауынша, барлық адамдар император мен заңдарға бағынуы тиіс. Мінсіз қоғамға қол жеткізу үшін ортақ заң орнатып, қоғамдағы өзін-өзі басқару жүйесін жою қажет. Заң бұзушылық қатаң түрде айыпталып, жазаға тартылуы қажет. Легистердің айтуынша, «Халық биліктен қуатты болған жағдайда – мемлекет әлсіз болады, ал билік халықтан қуатты болса – онда әскері мықты болады».



Лао-цзы – даосизмнің негізін қалаушы

Сөйлемді аяқтаңдар.

Қытай ойшылдарының нақыл сөздерін аяқтаңдар.

- Ұлы адам барлық ісін шындыққа сай орындайды, бірақ...
- Егер билеуші ата-анасын құрметтесе, онда...
- Қайырымды билік етудің құпиясы: билеуші тек билеуші болса, оның қарамағындағылары...
- Заңдар мен бұйрықтар көбейген кезде, ... арта түседі.
- Егер сарай салтанатты болса, онда...
- Тәртіп үстемдік ететін мемлекетте ... болады.

Бұл тұжырымдардың қайсысы екі қытай ойшылының біріне тиесілі деп ойлайсыңдар?

### Ойланыңдар

- Конфуцийшілдік, даосизм, легизм ілімдерінің басты идеясын бір сөйлеммен тұжырымдаңдар.

## §19

ТЕРРАКОТА ӘСКЕРІ ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ ТУРАЛЫ  
ҚАНДАЙ АҚПАРАТ БЕРЕДІ?

## Бұл сабақта сендер:

- Ежелгі Қытайды сипаттау үшін заттай деректерді зерделейсіңдер;
- Цинь империясы қалай басқарылғанын түсіндіресіңдер;
- Цинь Шихуанди императордың қызметін сипаттайсыңдар.

*император  
терракота  
билеушінің өкілі*



Терракота әскері



Терракота жауынгері

**Үнсіз күзетшілер**  
Суреттерге назар аударыңдар.

Неліктен терракота жауынгерлері жер астына жерленді?

- *Терракота* әскері қандай мақсатта жасалуы мүмкін?
- Фотосуреттер бойынша «Кім?», «Қашан?», «Неліктен?», «Қандай мақсатта?» деген сөздерден басталатын сұрақтар құрастырыңдар.

**Болжам жасаңдар**

Қазба жұмыстары барысында табылған терракота әскерінің суреттерін қарастырыңдар. Неліктен жауынгерлердің шаш үлгілері мен баскиімдері әртүрлі жасалған?



Терракота жауынгері мүсіндерінің фрагменттері

**ЦИНЬ ИМПЕРИЯСЫ**

Б.з.д. VIII ғ. Қытай жерінде жүзден аса тәуелсіз мемлекет билік құрды. Олар өзара соғыс жүргізді. Бұл соғыстың нәтижесінде ең қуатты жеті патшалық қана Қытайды билей бастады. Қытай тарихында бұл кезең «соғысушы жеті патшалық» деген атауға ие болды.

Б.з.д. III ғ. Ин Чженнің басқаруымен Цинь патшалығының үстемдігі арта түсті. Ол қалған алты патшалықты өз қарамағына бағындырды. Осылайша б.з.д. 221 ж. Қытай біртұтас мемлекетке біріктірілді. Ин Чжен *император* титулына және Цинь Шихуанди, яғни «тұңғыш Цинь императоры» атағына ие болды. Мемлекеттің астанасы болып Сяньян қаласы жарияланды.

## ТҰҢҒЫШ ИМПЕРАТОР

Цинь Шихуанди елде қатал заңдар жариялап, салықтарды көбейтті. Ол өлең шығаруға және аңыз әңгімелер айтуға тыйым салды. Оның бұйрығы бойынша, ғылыми және діни кітаптардан басқа барлық кітаптар өртелді. Императорға қарсы бүлік бастау мен қастандық ұйымдастырудың алдын алу үшін елордаға аманатқа ақсүйектер отбасыларының мүшелері әкелінді. Заңды сақтамағаны, бұзғаны немесе оған бағынбағаны үшін адамдар құлға айналдырылды. Құлдар ең ауыр жұмыстарға: қамалдар құрылысы, каналдар және кен ошағын қазу жұмыстарына жегілді.

Ұлан-байтақ империя облыстарға бөлінді және оларды *билеушінің өкілдері басқарды*. Оларды император тағайындады. Патша өкілдері салық жинады, тәртіпті бақылады.

Император ортақ салмақ пен ұзындық өлшемдерін, ақша бірлігін енгізді. Цинь Шихуанди алып құрылыстар, жол тораптары мен суару каналдарын салу үшін мол қаражат жұмсады. Императордың қай жерде екені туралы ешкім хабардар болмауы үшін 37 сарай салынды.

Цинь Шихуанди өзіне қарсы шыққандарды және Конфуцийдің ізбасарларын, бірқатар ойшыл даналарды қатал жазалауға бұйрық берді.

## ХАНЬ ӘУЛЕТІ БИЛІГІНІҢ БАСЫ

Қытайдың тұңғыш императоры 48 жасында кенеттен дүние салады. Оның бастауымен құрылған Цинь империясы бар-жоғы 14 жыл өмір сүріп, күйреуге ұшырады. Император қайтыс болғаннан кейін елде мемлекеттік заңдарды жеңілдету талабын қойған қаланың кедей және ауқатты тұрғындары қатысқан көтеріліс болды. Императордың мұрагері тақтан тайдырылып, Лю Бан жаңа император болып тағайындалды. Б.з.д. 206 ж. Лю Бан өзін жаңа Хань әулетінің негізін қалаушы деп жариялады.



Император Цинь Шихуанди

**«Жақсы» немесе  
«жаман»**

Цинь Шихуанди билігіне сипаттама беріңдер.

### Анықтаңдар

Цинь империясының күйреуінің 4 - 5 себептерін анықтаңдар.

### Анықтаңдар

Цинь Шихуанди өз империясының солтүстік-батыс шеғарасын көшпелі гүн тайпаларынан қорғау үшін Ұлы қорғанды салуға бұйрық береді. Оның құрылысында он жылға жуық уақыт бойы екі миллионнан аса адам еңбек етті. Құрылысқа көбінесе құлдар, жер өңдеушілер, түрлі қылмыс үшін жазаланған адамдар тартылды. Қорғанның биіктігі 10 метрге дейін жетті, ені 4–5 метр, ал ұзындығы 4000 шақырымнан асты.


- Сендер қалай ойлайсыңдар, неліктен Ұлы Қытай қорғанын «әлемдегі ең ұзын зират» деп атайды?



Терракота әскерінің қолбасшысы

### ТАҢҒАЛАРЛЫҚ ОЛЖА

1974 ж. Сиань қаласының маңында тұратын бір шаруа құдық қазып жатып, күйдірілген сазбалшықтан жасалған көптеген бұйым тауып алады. Кейін осы жерде археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба жұмыстары бүгінгі күнге дейін жүргізілуде. Қазіргі кезде археологтар сазбалшықтан жасалған 8099 жауынгер мен аттың мүсіндерін тапты. Мүсіндер бір жарым шақырымдай жер аралығында үш қатарға тұрғызылған. Бұл таңғажайып жерлеу орны Қытай императоры Цинь Шихуанди мазарының маңында орналасқан. Археологтар бұл ескерткішті «терракота әскері» деп атайды, себебі барлық мүсіндер күйдірілген сазбалшықтан – терракотадан жасалған.



Ойын алаңы



Арбалет

## Мәңгі күзетшілер

1. Терракота әскері кімді күзетіп, арғы дүниеге шығарып салуы тиіс болды?
2. Жерлеу орнынан қанша терракота жауынгері табылды?
3. Терракота жауынгерлері бір-біріне ұқсамайды. Барлығының бет-әлпеті әртүрлі. Бұдан қандай қорытынды шығаруға болады?
4. Неліктен жылқылардың мүсіні жауынгерлердің мүсінінің қасына орналастырылған?
5. Мүсінге қарап терракота жауынгерінің әскери атағын қалай анықтауға болады?
6. Терракота жауынгерлерінің өзі атылатын қаруы қалай аталады?
7. Жауынгерлердің мүсіндері ашық түсті бояулармен боялған. Сендер қалай ойлайсындар, ежелгі қытай суретшілері бояуларды неден жасаған?
8. Молада жауынгерлердің мүсіндерімен бірге жүк арбасы мен қос дөңгелекті әскери арбалар да табылды. Олар не үшін керек болды?
9. Терракота әскері тағы қандай қарулармен жарақталған?
10. Не себепті терракота әскері тарихшы ғалымдардың қызығушылығын тудырады?



Қолбасшының жүк арбасы

## §20

## ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙДЫҢ ҚАНДАЙ ҒЫЛЫМИ АШЫЛУЛАРЫ БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН ЖЕТТІ?

**Бұл сабақта сендер:**

- Ежелгі Қытайдағы ғылыми білімдердің дамуына сипаттама бересіңдер;
- ғылым мен шаруашылық іс-әрекетінің өзара байланысын анықтайсыңдар;
- Ежелгі Қытайдағы ғылыми өнертабыстардың маңызын анықтайсыңдар.

**тұсбағдар  
сейсмограф  
инемен емдеу**



Ежелгі Қытай  
өнертабысы

**Болжам жасаңдар**

Суретте бейнеленген құрылты қалай және қандай принцип бойынша жұмыс істейтінін болжаңдар.

**АРИФМЕТИКА МЕН ГЕОМЕТРИЯ**

Ежелгі Қытайдың ғылыми білімдері жоғары дәрежеде болды. Математика ғылымы биік деңгейде дамыды. Ежелгі қытайлықтар өздеріне дейінгі шығармалардың мәліметтерін пайдаланып, теріс сандардың амалын сипаттады. Бөлшектердің пропорциясы мен прогрессияның амалдарын қолдана алды.

Ежелгі қытайлықтар геометрия ілімінде фигуралар туралы білімдерін қолданып, оларға қатысты математикалық амалдарды шешті. Чжан Цянның «Тоғыз кітапты математика» еңбегі қолданбалы маңызы бар шығарма болып табылады. Бұл еңбек жер өлшеуіштердің, жұлдызнамашы-

лардың, шенеуніктердің және т.б. күнделікті қажетті оқу құралдарының біріне айналды. Шенеунік қызметіне ие болу үшін олар математика бойынша да емтихан тапсыруы керек еді.

**АСТРОНОМИЯ**

Ежелгі қытай жұлдызнамашылары жұлдызды аспанның картасын жасады. Онда 28 шоқжұлдыз көрсетіліп, аспан денелерінің қозғалысы және орын ауыстыруы алдын ала айтылды, Күн мен Айдың тұтылуы болжанды. Олар алғаш рет Күннің бетіндегі дақтарды бақылады. Сарай жанындағы жұлдызшылар ауқатты ақсүйектер үшін жұлдыз жорамалын

құрастырды. Ежелгі қытай жұлдызнамашыларының негізгі жетістігі – күн-ай күнтізбесін құрастыруы. Қытайлықтардың түсінігі бойынша, жыл 365 күннен және 12 айдан тұрады. Күнтізбе егін шаруашылығын жүргізуге бейімделді.

#### Ойланыңдар

Ежелгі қытайлықтардың ғылыми білімдері туралы мәліметті оқып болған соң, олардың осы білімдерін қандай салада қолдануы мүмкін екенін анықтаңдар.

## МЕДИЦИНА

Ежелгі Қытайда медицина ілімі өте жоғары деңгейде дамыды. Ежелгі қытай дәрігерлері емдеудің түрлі әдістерін: **инемен емдеу**, жатыгулар, күйдіру әдістерін қолданды. Медицина бойынша көптеген трактаттар сақталып, бүгінге дейін жеткен. Сол трактаттарда ауру түрлері мен оларды емдеу тәсілдері сипатталған. Сонымен қатар онда екі жүзден аса дәрінің сипаттамасы да бар. Ауырсынуды басатын дәрілер кең қолданылды, хирургиялық ота үлгілері де белгілі болды. Қытайлықтар өсімдіктердің көптеген емдеу қасиеттерін ашты.

#### Бұл қызықты

Кунг-фу – ежелгі Қытайда Шаолинь монахтарының монастырьларға және кезбе монахтарға қауіп төндіріп, шабуыл жасайтын ұрылардан қорғану үшін ойлап тапқан жауынгерлік өнері. Монахтарға қару-жарақ ұстауға тыйым салынатын, сондықтан кунг-фу өнерінде шаруалардың еңбек құралдары қолданылған.



Сейсмограф,  
реконструкциясы



Алғашқы қытай  
қатазының үлгісі



Қытай жібек матасының  
үлгісі

Өздеріңе мәлім ежелгі қытайлықтардың өнертабыстарын қоғам үшін маңыздылығы бойынша орналастырыңдар.

#### Рефлексия

Қоғам үшін ғылым мен техника дамуының маңызы жөнінде шағын әңгіме жазыңдар.



**Бұл тарауда сендер:**

- Қытайдың ежелгі философтары Конфуций мен Лао-цзы нені уағыздағанын білдіңдер;
- «легизм» ұғымы нені білдіретінін түсіндірдіңдер;
- ежелгі қытай ойшылдарының қандай ой-тұжырымдарын қазіргі күні қолдануға болатынын анықтадыңдар;
- өздеріңді археолог ретінде сезініп, Сиань қаласындағы терракота әскерінің археологиялық ескерткішін толыққанды зерделедіңдер;
- ежелгі қытайлықтардың діни наным-сенімінің ерекшеліктеріне түсіндірме бердіңдер;
- Қытайдың тұңғыш императоры Цинь Шихуандидің жүргізген саясатын сипаттадыңдар;
- Ұлы Қытай қорғанының «әлемдегі ең ұзын зират» деп аталу себебін анықтадыңдар;
- ежелгі Қытайдың арифметика мен геометрия, астрономия мен медицина салаларындағы ғылыми ілімдерінің дамуын сипаттадыңдар;
- Қытайдың маңызды: сейсмограф, қағаз, тұсбағдар, жібек матасына және, т.б. өнертабыстарына сипаттама бердіңдер;
- аталған өнертабыстардың қазіргі заман үшін маңызын айқындадыңдар;
- бұл өнертабыстардың қайсысы өте маңызды екенін анықтадыңдар.

**Өздеріңді тексеріңдер**

**1-тапсырма.** Томенде берілген Конфуцийдің тұжырымын оқыңдар. Сендер оны қалай түсіндіре аласыңдар?

«Егер адамдар билеушісіз қалатын болса, онда бүлік басталады. Сондықтан да Аспан қажетті уақытта билеуші бола алатын жоғары саналы адамды жаратады».

**2-тапсырма.** Кестелерді толтырыңдар.

**Ежелгі Қытай мемлекеті**

Атауы	Өмір сүрген кезеңі	Билеушілері

**Қытайдың қоғамдық және шаруашылық өмірі**

Негізгі кәсібі	Мемлекеттік құрылысы	Қоғамдық қатынастар

## 7

## Ежелгі Грекия

## СЕНДЕР ҮЙРЕНЕСІҢДЕР

Сендер ұлы өркениеттердің бірі – Ежелгі Грекияны зерттеуді бастайсыңдар. Ежелгі гректер өз елін Эллада, ал өздерін эллиндіктер деп атаған. Ежелгі Грекияның тарихы бірнеше кезеңге бөлінеді. Әрбір кезең болашақ ұрпақ үшін көптеген тарихи ескерткіш қалдырған.

Ежелгі грек өркениеті крит-микендік кезеңінен басталады. Бұл кезеңді зерттеу барысында сендер ежелгі грек мифтерімен танысасыңдар. Сендер мифтердің тарихты зерттеуге қалай көмектесетінін зерттейтін боласыңдар. Археологтармен бірге ежелгі қалалардың қираған орындарын және айбарлы сәулет ескерткіштерін зерттейсіңдер. Әйгілі жыршы-ақын Гомердің әлемге танымал «Илиада» мен «Одиссея» поэмалары Ежелгі Грекия мәдениетінің дамуы жоғары дәрежеде болғанын дәлелдейді.

Грек мәдениетінің гүлдену кезеңі қала-мемлекеттер – полистердің өмір сүру уақытымен сәйкес келеді. Полистер дербес ішкі және сыртқы саясат жүргізді. Олар өзара және көрші мемлекеттермен тығыз қарым-қатынас орнатты. Кей кезде полистер ортақ жауға қарсы тойтарыс беру үшін бірігетін.

Тарауды зерттеу барысында күнделікті өмірде қолданылатын көптеген сөздердің ежелгі грек тілінен шыққанын білетін боласыңдар.

## Ойланып көріңдер

- Минотавр лабиринті қайда орналасқан?
- Ежелгі грек полистері – Афины мен Спарта туралы не білесіңдер?
- Неліктен Александр Македонский сақтардың жерлерін жаулап ала алмады?



Ежелгі Эллада әлемге әйгілі философтар мен даңқты әскери қолбасшыларды танытты. Ежелгі Грекияның бірегей мәдениеті мен оның ізін жалғастырған Ежелгі Римнің мәдениетін **антикалық мәдениет** деп атайды.

## §21

ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯ ӨРКЕНИЕТІ БАСТАУЫН  
ҚАЙДАН АЛАДЫ?

Бұл сабақта сендер:

- Ежелгі Грекияның өнерін сипаттайсыңдар;
- Ежелгі Грекия мифтерінің мәні мен ерекшеліктерін түсіндіресіңдер.

миф  
лабиринт

Б.з.д. III мыңжылдықтан бастап, б.з. I ғасырына дейінгі кезде Оңтүстік Еуропадағы Балқан түбегінің жағалауында ұлы өркениеттердің бірі – Ежелгі Грекия кең қанат жайды. Оның тарихы бірнеше кезеңге бөлінеді. Ең ежелгісі – крит-микендік кезең. Бұл уақытта жоғары дәрежеде дамыған мәдениеті бар алғашқы мемлекеттер қалыптасты. Мәдениет бұл белгілі бір дәуірдегі халықтың жетістіктері болып саналады.


Крит пен Микены халқының әлем туралы түсініктерін біз олардың мифтерінен біле аламыз.

Қайда және қашан?

- Картадан Крит аралын көрсетіңдер.
- Картада қандай Крит қалалары берілген?
- Картадан Микены қаласын табыңдар.
- Уақыт сызығы бойынша ежелгі грек өркениетінің өмір сүрген кезеңін анықтаңдар.



Крит-микен өркениеті



Бұл қызықты

1900 жылы ағылшын археологі Артур Эванс Крит аралында қазба жұмыстары жүргізді. Кнос (Кносс) қаласы маңынан Минос патшаның сарайы табылды. Ежелгі гректер оны **лабиринт** деп атаған. **Лабиринт** – күрделі, адастырмалы шым-шытырық өтпелі жолдары бар ғимарат.

Б.з.д. XV ғасырда Крит аралында бой көтерген мемлекет әлсірей бастады. Ғалымдардың пікірі бойынша, мемлекет жанартау атқылау салдарынан әлсіреген. Бұдан басқа тағы бір пікір бар: Крит жеріне көрші тайпалар шабуыл жасаған делінеді. Кейін Крит мәдениетінің орнын микендік мәдениет ауыстырды. Бұл мәдениеттің орталығы ежелгі Микены қаласы болды. Қала төбеде орналасқан биік қамалмен қоршалған. Гректердің сенімі бойынша, бұл қамал қабырғаларын циклоптар, яғни жалғыз көзді дәулер салған. Микены қаласы орнындағы қазба жұмыстары барысында бұзылмай сақталған жерлеу орындары табылды. Онда алтыннан жасалған бірегей бұйымдар сақталған.



Микены мәдениетінің қазынасы

#### Микены алтыны

- Ежелгі Микены өнерін қалай сипаттай аласыңдар?

#### Тарихи тұлға

Гомер – шамамен б.з.д. VIII ғасырда өмір сүрген ежелгі грек ақыны, жыршы. Ақынның өмірбаяны туралы мәлімет сақталмаған. Гректер Гомерді зағип кезбе ақын ретінде таныған. Олар оны ұлы ақындардың бірі ретінде құрметтеген. Гомердің отаны атану құрметі үшін Грекияның жеті қаласы таласқан. Ақынның танымал шығармалары – «Илиада» мен «Одиссея». «Илиада» поэмасында Гомер алғаш рет Микены жөнінде сөз қозғайды және осы аймақты «алтынға мол» деп атаған. Ғалымдардың тұжырымынша, Гомер поэмаларының негізін Ежелгі Грекияның мифтері құрайды.

#### Мифті жалғастырыңдар

Аңыз бойынша, Криттің патшасы патшасы Минос еді. Ол өз мемлекетін қуатты теңіз державасына айналдыра алды. Бірақ Минос патшаның баласы Андрогей Афинада өтетін спорттық жарыстарға қатыспақын болды. Күшлі де етті жасөспірім афиналық атлеттермен күресте жеңіске жетті. Афина патшасы Эгей Андрогейді өлтіруді бұйырды. Сонды Минос патша...



Гомер

- Ежелгі грек мифтерінде батырлар қандай қасиеттерге ие болған?
- Мифтер тарихты зерттеуге қалай көмектеседі?


## §22

НЕЛІКТЕН ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯНЫ  
ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ОТАНЫ ДЕП АТАЙДЫ?

## Бұл сабақта сендер:

- демократия деген не екенін және оның пайда болуын түсіндіресіңдер;
- Ежелгі Грекияның қоғамдық құрылысына сипаттама бересіңдер.

**полис**  
**демократия**  
**азамат**  
**халық жиналысы**  
**Бес жүздік кеңес**  
**ареопага**



## ДЕМОКРАТИЯ – ХАЛЫҚ БИЛІГІ

Б.з.д. I мыңжылдықта Ежелгі Грекияда біртұтас мемлекет болған жоқ. Грекия өз алдына дербес шағын қала-мемлекеттерден – **полистерден** құралды. Мұндай полистердің бірі Афины қаласы болды. Афиныдағы билік аристократияның, яғни ақсүйектердің – қоғамның биік дәрежелі бөлігінің қолында болды. Аристократтар жекеменшікті иеленіп, білім алуға құқылы болды және мемлекетті басқару ісіне қатысатын. Қарапайым халық – демос ауыр жағдайда өмір сүрді.

Б.з.д. VI ғ. Афиныда демократия орнатылды. **Демократия** – мемлекетті халық (демос) басқаратын биліктің түрі. Демократияның негізін қалаушы Солон болатын. Солон – ежелгі грек данышпаны, атақты саясаткер, реформатор. Архонт (басқарушы) ретінде сайланған Солон борышқорлық құлдықты жойды. Ол мемлекеттік қаражаттың есебінен басқа елдерге құдыққа сатылған шаруаларды қайта сатып алды. Солон жер иеліктерінің көлемін шектеуді талап етті.

## Афины алаңында

- Суретке назар аударыңдар. Өздеріңді осы адамдардың арасында жүргендей елестетіңдер. Олар не туралы сөз қозғауы мүмкін? Афины алаңында болсаңдар сендер не айтар едіңдер?



- Неліктен бүгінгі күнде әлемнің көптеген елдері демократияны таңдады?

## АФИНЫДАҒЫ ӨМІР ҚАЛАЙ ӨЗГЕРДІ?

Афиныдағы биліктің ежелгі органы *ареопаг* болды. Алғаш құрылғанда оның құрамына тек аристократия ғана енетін. Олар қоғамның барлық маңызды мәселелерін өзара ақылдасып шешті.

Б.з.д. V–IV ғғ. Афиныда жоғарғы өкімет билігі *Халық жиналысы* қолына көшті. Ол айына төрт рет шақырылды. Халық жиналысына мемлекеттік мәселелерді шешуге *Бес жүздік кеңесі* көмектесті. Халық жиналысына тек *азаматтар* ғана қатысты. Азаматтардың қатарына ата-анасының екеуі де, яғни әкесі мен анасы афинылықтар болып саналатын Афины тұрғындары жатқызылды. Афины жеріне басқа аймақтардан қоныстанып келген адамдарды метектер деп атады. Олар азаматтардың құқықтарына ие бола алмады. Афиныдағы құқығы жоқ адамдар – құлдар болды.



Афины тұрғындары

### Тарихи тұлға



Перикл (б.з.д. 494–429 жж.) – Афинының атақты мемлекет қайраткері. Оны бірінші стратег қызметіне он бес рет сайлаған. Оның тұсында Афины өзінің шарықтау шегіне жетіп, гүлденді.

### Ойланыңдар



Солон

- Солонның реформасынан кейін афинылықтардың өмірі қалай өзгерді?
- Афины тұрғындарының жекелеген топтары қаншалықты еркіндікке ие болды?
- Бұл адамдарды сендер баспалдақ бойынша қалай орналастыра аласыңдар?

## §23

ЕЖЕЛГІ СПАРТА АФИНЫДАН НЕСІМЕН  
ЕРЕКШЕЛЕНДІ?

## Бұл сабақта сендер:

- Афины мен Спартаның қалай басқарылғанын түсіндіресіңдер;
- афинылықтар мен спарталықтар өмірінің ерекшеліктерін салыстырасыңдар.

**илоттар**  
**перизктер**  
**олигархия**  
**герусия**

## СПАРТА ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

Б.з.д. VIII–VI ғғ. аралығында Ежелгі Грекия аумағында көптеген полистер құрылды. Олардың ішінде Афины мен Спартаның күш-қуаты мол болды.

Спарталықтардың ата-бабалары дорийліктер болған. Олар Грекияға Балқан түбегінің солтүстігінен қоныс аударып, Лакония өңіріне, Пелопоннес түбегіне орналасты. Спарталықтар жергілікті тайпаларды (ахейліктерді) бағынышты жұмысшыларға – **илоттарға** айналдырды.

## СПАРТА ТҰРҒЫНДАРЫ

Спарта халқы спарталықтар, **перизктер** мен илоттар деген топтарға бөлінді. Перизктер еркі бар адамдар, бірақ спарталықтармен теңдей құқықтарға ие бола алмады. Олар қолөнермен және саудамен айналысты. Илоттар жер өңдеп, мал шаруашылығымен шұғылданды. Спарталықтар әскери іспен айналысты. Спартада ұлдарды жастайынан әскер ісіне дайындап, оларды қатал тәртіпке және төзімділікке үйретті.

Спарталықтардың асқан жауынгерлік табандылықтарының жарқын мысалына грек–парсы соғысы кезіндегі б.з.д. 480 жылы болған Фермопил шайқасы жатады. Гректер тар Фермопил өткелінде қорғаныс шебін құрып, парсы әскерлерінің шабуылын тежейді. Бірақ гректердің арасындағы бір сатқын парсыларға әскерлер орналасқан жерді айналып өтетін жолды көрсетіп береді. Парсы патшасы Ксеркс Фермопил қорғаушыларының тылына басып



Фермопил шайқасы

кіреді. Спарта патшасы Леонид спарталықтардан басқа әскерлерге кейін шегінуді бұйырады. Парсылар қоршауында қалған 300 спарталық соңғы әскер қалғанша ерлікпен шайқасады. Бұл ерлік тарихқа өзін-өзі құрбан етудің және жауынгерлік борышқа адал болудың жарқын мысалы ретінде енгізілді.

## ПОЛИСТЕРДІ КІМ БАСҚАРДЫ?

Спартадағы жоғарғы өкімет билігі ретінде Халық жиналысы қызмет етті. Алайда, шын мәнінде, билік ықпалды адамдардың шағын тобының қолында болды. Биліктің мұндай түрі *олигархия* деп аталды. Спартаны басқару ісінде маңызды рөлді *герусия* атқарды. Оның құрамына алпыс жастан асқан ер адамдар ғана кірді. Ғалымдардың көзқарасы бойынша, мұның себебі спарталықтар алпысқа тек өте ақылды және күш-қуаты мол адам ғана жетеді деп ойлады. Спартадағы беделді алқалы орган – эфорлар коллегиясы болды. Эфорлар заңдардың сақталуын қадағалады және қызметтік тұлғалардың іс-әрекеттерін бақылады. Патшалар Халық жиналысының және герусияның шешімдеріне бағынды.



Афиндағы өмір



Спартадағы өмір

### Бұл қызықты

Спартада өз ойыңды қысқа әрі нұсқа түрде жеткізу өнері қалыптасты. Мұндай тіл табысу лаконизм деп аталған.

### Спартада кімдер тұрды?

- Спартадағы түрлі әлеуметтік топтардың өкілдері қалай өмір сүрді?
- Олардың арасындағы қарым-қатынас қандай болды?

### Афины немесе Спарта?

- Суреттерді қарастырыңдар. Сендер қай қалада тұрар едіңдер: Афинда ма әлде Спартада ма?
- Афины мен Спартада балаларды қалай тәрбиелеген?

### Афины мен Спартадағы билік қандай болды?

- Афины мен Спартаның басқару жүйелері несімен ерекшеленеді?

### Тарихи тұлға



Ликург

Шамамен б.з.д. IX–VIII ғасырда Спартада Ликург есімді данышпан және атақты заңгер билікке араласты. Ликург спарталықтар үшін маңызды заңдар шығарған. Осы заңдармен Спарта халқы бірнеше ғасыр бойы өмір сүрді.



## §24

НЕЛІКТЕН АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙ  
СКИФТЕРДІ БАҒЫНДЫРА АЛМАДЫ?

## Бұл сабақта сендер:

- сақтардың Александр Македонскийға қарсы соғыста жеңіске жетуінің себептерін анықтайсыңдар;
- басқыншылық соғыстар мен империялардың пайда болуы мемлекеттердің шегараларын қалай өзгерткенін түсіндіресіңдер.

**фаланга  
отар**

## Скифтер деген кімдер?

- Суретке назар аударыңдар. Геродот «азиялық скифтер» деп кімдерді атағанын естеріңе түсіріңдер. Олар туралы не білесіңдер?

## Ойланыңдар

Б.з.д. IX–II ғасырларда Грекияның солтүстігіндегі Балқан түбегінде Македония мемлекеті болған. Б.з.д. 336 ж. Македонияда билікке Александр Македонский келді. Александр көп жорықтар ұйымдастырған. Македония әскерінің екіпінді күші **фаланга** саналған. Фаланга – әскерлердің тығыз жиналма сапы. Ол Александрдың әкесі II Филипптің бастауымен құрылды. Александрдың жаулап алған жерлері **отарларға**, яғни тәуелді аумақтарға айналды.

Б.з.д. I мыңжылдықта қазіргі Қазақстан аумағында сақ тайпалары тұрған. Ежелгі грек деректерінде сақтарды скифтер деп атады. Қазақстан тарихы сабақтарында сендер сақтардың әлемді жаулап алушылардың бірі – Александр Македонскийге қалай тойтарыс бергені туралы таныстыңдар.



Сақ жауынгерлері



Македонияның астанасы Скопье қаласындағы Александр Македонскийдің ескерткіші

## ҰЛЫ ҚОЛБАСШЫ

Александр Македонский (б.з.д. 356–323 жж.) көрнекті қолбасшы және билеуші ретінде танылды. Александрдың әкесі оның жақсы білім алуын қамтамасыз етті. Александр 13 жасқа толғанда, II Филипп оған ұстаз ретінде Аристотельді шақыртты. Атақты философ Александрды тамаша басқарушы ретінде тәрбиелеуге тырысты. Македонский жастайынан өзін мықты және қойған мақсаттарына жете алатын адам ретінде көрсете білді. Әкесінің көзі тірісінде-ақ Александр ұрыс майдандарында зор табыстарға қол жеткізген. Билікке келген соң, ол грек полистерінің көтерілістерін басып жаныштады. Көтерілісшілер биліктің ауысқанын пайдаланып, тәуелсіздікке қол жеткізуге талпынған.

Александр Македонский өмірінің 10 жылын (б.з.д. 334–325 жж.) әскери жорықтарға арнады. Ұлы қолбасшы Египетке, Алдыңғы Азияға, Орта Азияға, Солтүстік Үндістанға жорықтар жасады. Александр Македонский қайтыс болғаннан кейін оның державасы жойылып кетті. Алайда, ол жасаған жорықтардың нәтижесінде Еуразияның тарихындағы зор маңызы бар эллинизациялау үдерісі басталды. Жаулап алынған халықтар арасында Ежелгі Грекияның түрлі салалардағы жетістіктері кең таралды.

### Бұл қызықты

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы «Ескендір» атты поэма жазған. Шығармада ол Александр Македонскийдің жорықтарының бірін сипаттаған.

«Мен өзгеміз ұстазыма алақан  
кем ұрықтар ешесіне әкелген  
өмір алсақ, ол Аристотельмен  
өмірдей жақын өмір туралы  
білме алдым».

«Талауда толып жатқан ел-  
дер бар, ол мек әлі біреуін де  
жаулап алған жартын».

Александр Македонскийдің  
өз пікірлері

- Бұл ой-пікірлер бізге Александр Македонский туралы қандай дерек бере алады?
- Егер сендер Александрға кезіккен болсаңдар, оған қандай сұрақ қояр едіңдер?

106-беттегі картаны пайдаланып, Македонскийдің жорықтары туралы әңгімелеңдер.

- Александр Македонский әскерінің қозғалыс бағыттарын анықтаңдар.
- Картада көрсетілген оқиғалардың ретін анықтаңдар.
- «А. Македонский – империяның негізін қалаушы» деген тұжырымды дәлелдейтін кем дегенде үш дәйек келтіріңдер.
- Неліктен Александрдың өз әскерімен Сырдариядан әрі қарай жылжи алмағанын ойланып көріңдер.

**Бұл тарауда сендер:**

- Ежелгі Грекияның мифтерімен таныстыңдар;
- Ежелгі Грекия мифтерінің мәні мен ерекшеліктерін анықтадыңдар;
- уақыт сызығында ежелгі грек өркениетінің өмір сүрген уақытын белгіледіңдер;
- мифтер тарихты зерттеуге қалай көмектесетінін түсіндірдіңдер;
- ұсынылған деректерге сүйеніп, ежелгі Микенының өнерін сипаттадыңдар;
- «демократия» деген не екенін және оның қашан пайда болғанын түсіндірдіңдер;
- Ежелгі Грекияның қоғамдық құрылысына сипаттама бердіңдер;
- Афины мен Спартаның қалай басқарылғанын зерттедіңдер;
- афинылықтар мен спарталықтар өмірінің ерекшеліктерін салыстырдыңдар;
- Спартадағы түрлі әлеуметтік топ өкілдерінің өмір салтына сипаттама бердіңдер;
- ежелгі мемлекеттердің қатынастарын түсіндіру үшін «империя» ұғымын пайдаландыңдар;
- Александр Македонскиймен болған соғыста сақтардың жеңісінің себептерін естеріңе түсірдіңдер;
- басқыншылық соғыстар мен империялардың пайда болуы мемлекеттердің шегараларын қалай өзгерткенін түсіндірдіңдер.

**Өздеріңді тексеріңдер**

Ұғымдар мен олардың анықтамаларын сәйкестендіріңдер.

Ұғым	Анықтама
1. Лабиринт	А. Ежелгі Спартадағы ұлдар мен жасөспірімдерді тәрбиелеудің қатал жүйесінің мақсаты ержүрек әрі шыдамды жауынгерлер дайындау болатын.
2. Халық жиналысы	Ә. Ежелгі Грекиядағы мемлекеттік мектептердің бір түрі; мұнда оқытумен қатар дене шынықтыруға көп назар аударылған.
3. Демократия	Б. Алпыс жастан асқан ер адамдар ғана кіре алатын Спартадағы басқару органы.
4. Герусия	В. Лаконияның жергілікті халқы. Оларды жаулап алушылар, яғни спарталықтар құлдарға айналдырды.
5. Олигархия	Г. Күрделі, адастырмалы, шым-шытырық өтпелі жолдары бар ғимарат.
6. Илоттар	Д. Ықпалды адамдардың шағын тобының қолына шоғырланған, шым мәнінде билікке ие басқарудың түрі.
7. Спарталық тәрбие	Е. Ежелгі Афинадағы негізгі билік органы.
8. Пимнасий	Ж. Мемлекетті халық басқаратын биліктің түрі.

## 8

## Ежелгі Грекия мәдениеті

## СЕНДЕР ҮЙРЕНЕСІҢДЕР

Біз ежелгі грек мәдениетінің әлеміне саяхат жасауды бастаймыз. Бұл тарауда ежелгі ойшыл-философтармен танысатын боласыңдар. Сендер философтардың қоғамдағы мәселелерді шешу жолдарын қалай іздегенін зерттейсіңдер.

Әлем мәдениетінің бірегей игілігі – ежелгі грек мифтері болды. Мифтер – бұл батырлар мен тылсым күштерге ие болған тіршілік иелері, яғни құдайлар туралы айтылатын халық аңыздары. Ежелгі грек мифтерінің сюжеттері кейінгі заманның өнері мен әдеби шығармаларының негізі болды.

Құдайлар ежелгі гректердің санасында маңызды орын алатын. Гректер көптеген құдайларға табынатын. Әрбір құдай өз мәртебесіне және белгілі бір қызметке ие болды. Сендер ең негізгі ежелгі грек құдайларының есімдерін естіген болатысыңдар: Зевс, Посейдон, Аид, Гера, Афина, Аполлон. Ежелгі гректер құдайларды адамның кейпінде бейнелейтін. Мифтер оларды ақхөңіл, ақжарқын, кешірімді, әділетті, бірақ қатыгез, айлакер әрі мейірімсіз етіп суреттеді. Алайда ежелгі грек өнерінің өзегі құдайлар емес, адамдар болды.

## Ойланып көріңдер

- Қалай ойлайсыңдар, философтарды қандай ойлар толғандырды?
- Ежелгі Грекияда өнердің қандай түрлері дамыды?
- Ежелгі Грекия мектептерінде балаларды неге үйретті?



Ежелгі гректер азамат тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлетін. Ежелгі гректердің пайымдауы бойынша, адам ақыл-ойы жетік, өнегелі және дене дамуы жетілген болуы қажет. Ежелгі Грекия барша әлемге Олимпия ойындарын өткізу дәстүрін қалдырды. Бұл Грекияның ең мықты және шебер тұрғындарының спорттық жарысы болған. Олимпиадалық ойындар қазіргі кезде де өтеді. 1896 жылы олимпиадалық сайыстар қатарына жүгіру марафоны енгізілді. Грек-парсы соғысы кезінде (б.з.д. 500 – 449 жж.) Фидиппид есімді жас жауынгер Марафон шайқасында гректердің жеңісі туралы қуанышты хабарды тезірек жеткізуге асықты. Ол үшін Фидиппид тоқтамастан шамамен 42 км жүгіріп, Афинаға жеткен. Қуанышты хабарды жеткізе сала, көз жұмған. Бірақ оның ерлігі тарихта мәңгі сақталған.

## §25

## ЕЖЕЛГІ ГРЕК ФИЛОСОФТАРЫ МІНСІЗ ҚОҒАМДЫ ҚАЛАЙ ЕЛЕСТЕТТІ?

## Бұл сабақта сендер:

- ежелгі философтардың көзқарастарын қарапайым түрде түсіндіресіңдер.

философ  
мінсіз қоғам



Сократ

## ФИЛОСОФТАР ДЕГЕН КІМДЕР?

Ежелгі заманнан бастап адамдар қоршаған әлем, қоғам туралы ойланды. Мұндай адамдарды Ежелгі Грекияда **философтар** – «даналықты жақтаушылар» деп атады. Философтар қоршаған орта мен құбылыстарға жүйелі түсініктеме беруге талпынды. Ежелгі Грекияның әлемге танылған философтары Сократ, Платон мен Аристотель болатын.

Афинының алғашқы философы Сократ осы қалада дүниеге келіп, қызмет етті. Ойшыл қала көшелері мен алаңдарында адамдармен кездесіп, сұхбаттасты. Өз сөздерінде Сократ афинылықтарды мейірімділікке және әділдікке шақырды. Ол адамның басты артықшылығы білімді болу деп есептеді.


## МІНСІЗ ҚОҒАМ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Афины мен Спарта арасындағы бақталастық күшейіп, 431 жылы Пелопоннес соғысының басталуына әкелді. Соғыстың нәтижесінде полистік құрылыс құлдырап кетті. Сол себепті философ Платон **мінсіз қоғамның** өзіндік үлгісін құрастырды. Бұл әділеттілік пен бейбітшілік үстемдік ететін қоғам болатын. Оның түсінігі бойынша, билеуші әрі философ, әрі данышпан адам болуы тиіс. Сол кезде ғана ол әділетті билікке қол жеткізуге ұмтылады және осының нәтижесінде адамдардың өмірі де жақсарады деген қорытынды жасады.

## Сократ не туралы сөз қозғады?

«Менің білетінім – ештеңе білмейтінім», – деп Сократ өзі туралы айтқан болатын. Ежелгі философ өз сөзінде қандай ой қозғады деп ойлайсыңдар?

Платон адамдарды қабілетіне қарай үш топқа бөлді. Данышпан (философтар) билеуші болуы керек. Ал ең батылдары мен күштілері (әскерилер) – күзетші; ақылды әрі адал адамдар егінші (диқан) және қолөнерші болуы тиіс. Олардың әрқайсысы мемлекетте тек өз ісімен айналысуы қажет.



Платон

#### Мінсіз қоғамның азаматы

- Платон мінсіз қоғам азаматына қажетті төрт негізгі қасиетті анықтап берді. Олар: даналық, ержүректілік, кішіпейілдік, әділдік. Бұл тізімді сендер қалай толықтыра аласыңдар?

#### «ҒЫЛЫМНЫҢ АТАСЫ»

Платонның атақты шәкірттерінің бірі философ Аристотель болды. Білімнің алуан түрлі саласына қосқан үлесі үшін оны «бірінші ұстаз» және «ғылымның атасы» деп атады. Аристотель биліктің «дұрыс» және «бұрыс» түрлерін ажыратқан. Философ басқарудың ең жетілген түрі ретінде «политияны» анықтаған. Мұндай қоғамда мемлекетті басқаруға бұқара халықтың көпшілік бөлігі қатысады және барлық адамдардың игілігі үшін билік жүргізеді. «Өмірдің мәні неде? Басқаларға қызмет ету және жақсылық жасау», – дегенді Аристотель айтқан.



Аристотель

#### Ойланыңдар

- Сократ, Платон және Аристотельдің қозғарастарының ортақ ойлары қандай?



#### Мінсіз қоғам қандай болуы тиіс?

- Суретті мұқият зерттеңдер. Мінсіз қоғамның қандай ерекшеліктерін байқап тұрсыңдар?
- Ал сендер мінсіз қоғамды өздеріңше қалай елестетесіңдер?

## §26

## ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯ ӨНЕРІ ҚАНДАЙ БОЛДЫ?

**Бұл сабақта сендер:**

- Ежелгі Грекия мифтерін түсіндіресіңдер;
- Ежелгі Грекия өнерін сипаттайсыңдар.

**құдайлар**  
**батырлар**  
**акрополь**  
**театр**

**МИФТЕР НЕ ТУРАЛЫ БАЯНДАЙДЫ?**

Мифтер ежелгі адамдардың өмірінде маңызды рөл атқарды, олардың қоршаған дүние туралы түсініктерін айқын көрсетті. Гректер **құдайлар** Олимп тауының басында тұрады деген сенімде болды. Құдайларды олар табиғат күштерін және адамдардың өмірін басқаратын тылсым күшке ие қуатты тіршілік иесі деп санаған.

Алғашқы грек мифтерінде құдайлар арасындағы күрес туралы баяндалды. Кейін **батырлар** туралы мифтер де пайда болды. Гректер Отанын жаулардан қорғаған ержүрек адамдардың іс-әрекеттерін суреттейді. Бұл тарихи оқиғалар батырлар туралы мифтердің негізі болды. Мифтерде шындық пен қиял байланысып жататын. Батырлар ғажайып күшке ие, ақылды және аса мейірімді тұлғалар ретінде сипатталды. Ежелгі грек өнерінің туындылары негізінен осы мифтердегі кейіпкерлерді бейнелейді.



Зевстің алтын мүсіні

**ЗЕВС МҮСІНІ**

Зевс мүсіні – әлемнің жеті кереметінің бірі. Мүсін Олимпия қаласындағы ғибадатхананың ішінде орналасқан. Мүсінді б.з.д. V ғ. ежелгі дәуірдің ұлы шебері Фидий жасаған. Мүсіннің биіктігі – 17 метр. Мүсіннің материалы ретінде алтын, піл сүйегі мен асыл тастар қолданылған. Бұл ескерткіш соғыс жылдарында қиратылған және бүгінге дейін сақталмаған.

**Мүсінді сипаттаңдар**

- Мүсінші Фидий ежелгі гректердің Зевске деген қатынасын қалай көрсеткен?
- Неліктен мүсін әлемнің жеті кереметінің бірі ретінде танылды?

## ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДІҢ ҰЛЫ ЕСКЕРТКІШІ

Парфенон – ежелгі Грекияның әйгілі ғибадатханасы. Ол *Акропольде* – Афинының орталығында, берік қамалмен қоршалған бөлігінде орналасқан. Бұл ғибадатхана б.з.д. V ғ. Афины құдайының құрметіне салынған.



Ежелгі Грекияның театры

Ежелгі гректер өмірінде театр маңызды орын алатын. *Театр* сөзі грек тілінен аударғанда «көрініс» деген мағынаны білдіреді. Онда актерлер көрініс қойған. Ежелгі грек театрында барлық рөлді ер адамдар ғана орындаған. Актерлер бетперде киіп, өнерлерін ортаға салған. Көріністер таңнан кешке дейін өткен. Алғашқы театрлық көріністер шарап жасау және ойын-сауық құдайы Диониске арналған. Театрлық туындыларда полистің маңызды мәселелері де өз көрінісін тапты.

### Бұл қызықты

Б.з.д. I мыңжылдықта Ежелгі Грекияда қызыл және қара түсті әшекейлі сауыт жазуы пайда болды. Бұл керамика бұйымдарына салынған ерекше жазу әдістері болатын.



Парфенон ғибадатханасы

### Атақты ғибадатхана

- Гректер үшін Парфенон ғибадатханасының маңызы қандай?

### Дионистің қонақтары

- Бұл суретте не бейнеленген?
- Бұл жерге адамдар неліктен көп жиналған?

### Жасап көріңдер

Өздеріңді ежелгі грек театрының актерлері рөлінде елестетіңдер.

Мифтердің бір үзіндісін көрініс түрінде көрсетіңдер.



Амфора – ежелгі грек қыш құмырасы



## §27

ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯНЫҢ ГИМНАЗИЯ, ЛИЦЕЙ,  
АКАДЕМИЯЛАРЫНДА НЕНІ ҮЙРЕТТІ?

## Бұл сабақта сендер:

- ғылымдардың қалыптасуы мен дамуына қоғамдағы өзгерістердің ықпалын сипаттайсыңдар;
- ежелгі қоғамның дамуындағы жазудың рөлін білетін боласыңдар.

*палестра  
академия  
гимнасий  
лицей*

- Ежелгі Грекиядағы ғылымның қалыптасып дамуына қандай жағдайлар әсер етті?

## Жасап көріңдер

Өздерің жазудың жеке-дара таңбаларын ойдан шығарып, ежелгі гректерге хат жазыңдар.



Сиракуза қаласын қорғау

## ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯДАҒЫ ҒЫЛЫМ

Б.з.д. VII–IV ғасырларда Ежелгі Грекияда ғылымның дамуына жақсы жағдай қалыптасты. Бұған грек полистерінің дамуы әсер етті. Құл еңбегінің кең түрде пайдаланылуы көптеген адамдарға тек қана ақыл-ой еңбегімен айналысуға мүмкіндік берді. Грекияда алғашқы кәсіби ғалымдар қалыптаса бастады.

Ежелгі грек ғылымының негізін философия құрады. Бұл ғылымның дамуында полистердің демократиялық құрылысы елеулі рөл атқарды. Халық жиналыстарында өз ой-тұжырымдарының ақиқаттығын дәлелдеу қабілеті жоғары бағаланды.

Ежелгі Грекиядағы мәдениет пен тәрбиенің ерекшелігі сайыскерлік болатын. Азаматтар шешендік өнер, спорт, өнер саласында сынға түсті. Осындай сайыстар ғылымның дамуына да түрткі болды.

## Бұл қызықты

Б.з.д. III ғ. Сиракуза қаласында ежелгі грек математигі, физик, инженер Архимед өмір сүрді. Ғалымның әскери өнертабыстары қаланы жаудан қорғауға көмектесті.

## ЕЖЕЛГІ ГРЕКТЕРДІҢ ЖАЗУЫ

Ежелгі гректер крит иероглифтерін пайдаланды. Кейін оны жаңа жазумен алмастырды. Бұл жазу финикиялықтардан алынып қолданылды. Финикия әліпбиі тек дауыссыз дыбыстардан ғана құралды. Гректер финикия әліпбиін жетілдірді, жаңа символдар қосты, кейбір әріптердің жазылуын өзгертті. Осылайша грек әліпбиі 24 әріпті қамтыды.

## ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯ МЕКТЕПТЕРІ

Жеті жастан бастап ұлдар жеке мектептерге барды. Бұл мектептерде балаларды оқуға, жазуға және санауға үйретті. Дәптер орнына оқушылар балауызбен майланған ағаш тақтайшаларды пайдаланды. Жазуды өткір металдан жасалған таяқшамен – стильмен жазды. Кифарист музыкалық аспаптарында ойнауды үйретті.

Ұлдар арнайы **палестра** деп аталатын мектептерде шұғылданды. 16–18 жастағы жасөспірім ұлдардың денешынықтыру жаттығулары **гимнасийде** жүргізілді. Күш-қуаты басым балалар және шеберлер Олимпия ойындарына қатысты.

Қыз балаларды үй шаруашылығымен айналысуға, оқуға, жазуға үйретті.

## ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МЕКТЕПТЕР

Өзінің білімін жалғастыру мақсатында жасөспірімдер **ликей** мен **академияларға** барды. Бұлар ерекше философиялық мектептер болды. Онда шешендік шеберлік, математика, логика сияқты ғылым салалары оқытылды. Бұндай білім беру мекемелерінде ұстаз ретінде тек философтар ғана қызмет етті.



Ежелгі Грекиядағы мектеп

**Кестені толтырыңдар**  
«Білемін, білгім келеді,  
білетін болдым» деген  
кестені толтырыңдар.



Ликейдегі пікірталас

### Анықтаңдар

Ежелгі грек және қазіргі кездегі білім беру жүйесінің ортақ сипаты қандай?

### Бұл тарауда сендер:

- Ежелгі Грекияның мәдени жетістіктерін анықтадыңдар;
- Сократ, Платон мен Аристотель сияқты Ежелгі Грекия философтарының көзқарастарына қарапайым түсініктеме бердіңдер;
- мінсіз қоғамның азаматтары қандай қасиеттерге ие болу қажет екенін анықтадыңдар;
- Ежелгі Грекия өнерінің түрлеріне: сәулет, мүсін, театр, құмыра жазуына сипаттама бердіңдер;
- Ежелгі Грекия мифтерін зерделдіңдер;
- ежелгі гректердің құдайларға қандай көзқараста болғанын мүсін өнерінің қалай сипаттағанын анықтадыңдар;
- ғылымның пайда болып, дамуына қоғамдағы өзгерістердің ықпалын сипаттадыңдар;
- Ежелгі Грекия жеріндегі ғылыми білімдердің қалыптасып, дамуына себеп болған жайттар мен себептерді анықтадыңдар;
- ежелгі грек жазу түрлерін зерттедіңдер;
- ежелгі қоғамның дамуындағы жазудың ролін анықтадыңдар;
- Ежелгі Грекия мектептерінің түрлерімен таныстыңдар;
- ежелгі грек және қазіргі білім беру жүйесін салыстырдыңдар.

### Өздеріңді тексеріңдер

Төменде берілген тұжырымдар қай философқа қатысты екенін анықтаңдар.

Тұжырымдар	Философтар		
	Сократ	Платон	Аристотель
1. Адамның қасиеттері мен хәсібіне байланысты қоғамды үш топқа: басқарушылар, күзетшілер, егіншілер мен қолөнершілерге бөлген.			
2. Афины қдласының көшелері бойында адамдармен сұхбаттасып, оларды жақсылыққа, әділдікке және білімге шақырған.			
3. Оның түсінігі бойынша, билесуші философ, данышпан адам болуы тиіс. Сол кезде ғана ол әділетті билікке қол жеткізе алады.			
4. Білімнің алуын түрлі саласына қосқан үлесі үшін оны «бірінші ұстаз» және «ғылымның атасы» деп атады.			
5. Философ ерекше қасиетке ие болған: адамдарды сұрақтар қою арқылы ақиқатқа жетуді үйреткен.			
6. Философ басқарудың ең жетілген түрі ретінде «политияны» анықтаған. Мұнда қоғамның көпшілігі барлық адамдардың игілігі үшін билік жүргізген.			

## 9

Рим империясының  
гүлденуі

## СЕНДЕР ҮЙРЕНЕСІҢДЕР

Ежелгі Рим тарихын зерттеу сендерге тарихи оқиғаларды сипаттау, түсіндіру, анықтау, салыстыру және зерттеу қабілеттеріңді тереңдетуге көмектеседі.

«Тарих ... мәңгілікпен жанасады», – деп, тарихшы ғалым Карл Ясперс жазған болатын. «Мәңгілік» туралы сөз қозғаған кезде ол тарихтың түрлі дәуірлеріндегі адамдардың үздік жетістіктерін пайымдаған. Римнің, яғни «мәңгі қаланың» тарихы оның айтқан сөздеріне дәлел бола алады.

Рим өркениеті ежелгі грек өркениетінің ықпалымен дамыды. Бұл өркениет үш құрлықты: Еуропа, Азия мен Африканың бөліктерін қамтыды. Империяның кең-байтақ аумағында стадиондар, сарайлар, акведуктар (құдықтар), көпірлер, жолдар салынды. Ежелгі Рим мен Ежелгі Грекия өнері антикалық, яғни классикалық – өз саласында ең жетілген өнер деген атауға ие болды.

Ежелгі римдіктер қоршаған ортаға бейімделу қатынасымен ерекшеленді. Яғни, кез келген іс-әрекетті адамның өмірі үшін барынша пайдалы етіп жүзеге асыруға тырысты. Сондықтан олардың ғылыми танымдары да тәжірибелік қажеттіліктермен тығыз байланысты болды.

Рим құқығы (заңдар жүйесі) ежелгі дүниенің құқықтық жүйесінің үлгісі ретінде саналады, сонымен қатар қазіргі заманғы құқықтану ғылымының негізі болып табылады.

Ежелгі Рим әлемге республикалық (қоғамдық) басқару түрінің үлгісін танытты. Алайда ол құлиеленушілік жүйенің де негізін қалады.

## Ойланып көріңдер

- Рим қаласының құрылуы жөніндегі аңызды білесіңдер ме?
- Ежелгі Римнің қандай тарихи қайраткерлерін атай аласыңдар?



## §28

РИМ ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕНІҢ ЕҢ ҚУАТТЫ  
ИМПЕРИЯСЫНА ҚАЛАЙ АЙНАЛДЫ?

## Бұл сабақта сендер:

- Ежелгі Римдегі биліктің қандай болғанына түсініктеме бересіңдер;
- Рим жауынгерлерінің қаруларын сипаттайсыңдар;
- Рим империясының қалай қалыптасқанын түсіндіресіңдер.

республика

## Ойланыңдар

- Архитектура ескерткіштері ежелгі Римнің күш-қуатын қалай айқындайды?



Тиберийдің бес аркалы көпірі I ғ., Италия, Римини

- Осындай құрылысты салу үшін қандай білім мен материалдар керек болды?

## Үйлестіріңдер және салыстырыңдар

Басқару түрлерін салыстырыңдар: патша басқарған Сенат немесе консулдар басқарған Сенат.

- Қалай ойлайсыңдар, заңды қабылдамас бұрын оны не үшін талқылайды?
- Плебс үшін биліктің қандай түрі қолайлы болды?

## «МӘҢГІ ҚАЛА»

«Ежелгі Римнің тарихы – дүниежүзі тарихының маңызды кезеңінің бірі болып саналады. Римнің негізі б.з.д. 754–753 жж. қаланды. Қалада ежелгі ғимараттардың қираған бөліктері қазіргі күнге дейін сақталған. Бірегей ескерткіштердің бірі – Колизей. Колизей – бұл рим амфитеатры. «Амфитеатр» сөзі – «ойын-сауыққа арналған орын» деген мағынаны білдіреді.

## ЕЖЕЛГІ РИМДЕГІ БИЛІК

Б.з.д. VIII–VI ғғ. Римді патша басқарды. Елдің алғашқы патшасы Ромул болды. Оған ақсақалдар кеңесінен құралған Сенат бағынды. Б.з.д. 510 ж. өзінің қатыгездігінің салдарынан соңғы Рим патшасы Тарквиний биліктен қуылды. Осыдан кейін Римді екі консул басқарды. Консулдардың біреуінің күшеюіне жол бермеу үшін олардың құқықтары теңестірілді. Консулдарды халық жиналысы бір жыл мерзімге сайлады. Олар Сенаттың жұмысына басшылық етті. Сонымен Рим **республикаға** айналды. Заңдар халық жиналысында талқыланып, сенатта бекітілді.



Рим форумы. Бұл жерде сенат пен халық жиналысы өткізілген



«Сенат және Рим халқы» жазуы бар әскери байрақ

### Анықтаңдар

Римнің байрағындағы S.P.Q.R. деген әріптер «Сенат және Римнің еркін халқы» деген мағынаны береді. Сендер қалай ойлайсындар, римдіктер бұнымен нені білдіргісі келді?

### ЕЖЕЛГІ ӘЛЕМНІҢ ҰЛЫ ӘСКЕРІ

Рим әскерінде елдің еркін азаматтары қызмет етті. Олар императорға адалдық анын берді. Бұл жауынгерлер басқа елдердің жалдамалы әскерлеріне қарағанда сенімділігімен ерекшеленді. Осылайша рим әскерлері 200 жылдан астам уақыт бойы күш-қуатымен теңдессіз болып саналды. Әскер легиондардан құралды. Әр легион жеңіл қаруланған және ауыр қаруланған жаяу әскерден, сонымен қатар атты әскерден тұрды.

Велиттер



Жеңіл қаруланған рим жауынгерлері

Гастаттар      Принциптер      Триарилер



Ауыр қаруланған рим жауынгерлері



Атты әскер

*Гастрофет* (арбалет) – адамның қарнына тіреп ататын садақ. Ол ағаштан жасалған бірнеше тақтайшадан құралды. Садақтың төменгі жағы тіс тәрізді болған. Үстіңгі тақтайша сырғанап, садақтың адырнасына ілінген.

*Онагр* – ежелгі артиллериялық қару түрі. Құрылғы ұзын жіпке бекітілген лақтырғыш иіннен құралады. Оқ осы иіннің аяқ жағына орналастырылған.

*Сарышаян* (скорпион) – катапульттің түрі. Оның негізгі бөлігі таяныштан тұрады. Таяныштың көмегімен қаруды бұруға және бүтуге болатын.

Рим жаулаушылық соғыстардың нәтижесінде ұлы империяға айналды. Ал, енді Римнің әскери тарихының кейбір белгілі оқиғаларын қарастырайық. Олар бізге сол заманның оқиғаларының көрінісін түсінуге көмектеседі.

Гастрофет



Онагр



Рим сарышаяны



Қару түрлері

#### Бұл қызықты

Рим жауынгерлері ұзақ уақыт бойы далалық лагерьлерде тұрған. Уақыт өте келе кейбір әскери лагерьлер қалаларға айналған. Өз атауларында «Честер» немесе «кастр» деген жалғауы бар еуропалық қалалар римдік әскери лагерьлері негізінде пайда болған.

## ПИРР ЖЕҢІСІ

Италияның оңтүстігінде римдіктер Пирр басқарған грек әскерлерімен шайқасты. Осы шайқаста римдіктер өмірлерінде бірінші рет әскери пілдерді көрді. Римдіктер осы алып жануарлардың қатысуымен өтетін шайқастың соғыс тактикасын әлі білмейтін. Бірақ олар ерлікпен шайқасты. Пирр әскері зор шығынға қарамастан жеңіске жетті.

Картадан римдіктер Пиррмен соғысқан Италия жерін көрсетіңдер.

## ПУНИ СОҒЫСТАРЫ



Б.з.д. 246 ж. – б.з.д. 146 ж. Рим Карфагенмен соғысты. Бұл мемлекет Солтүстік Африкада орналасқан. Римдіктер Карфагеннің тұрғындарын пундар деп атады. Сондықтан екі ел арасындағы соғыс Пуни соғыстары деп аталды. Жалпы үш Пуни соғысы болып, нәтижесінде Карфаген жеңілді. Рим күшейіп, Македония, Грекия, Испанияны жаулап алды.

106-беттегі картадан мәтінде көрсетілген мемлекеттерді қарастырыңдар.

### Ганнибал сияқты ойланып көр

17 жылға созылған екінші Пуни соғысы уақытында Карфаген армиясын Ганнибал басқарды. Ол Италияға солтүстігінен Альпі тауы арқылы басып кірді. 15 күн ішінде Альпіден 50 мыңдық әскерді алып өтті. Б.з.д. 216 жылы Канна түбіндегі шайқаста Ганнибал әскери талантымен көрінді. Ганнибал әлсіз әскерлерін ортаға, ал күштілерін екі қанатқа қойды.

Ганнибалдың жоспары қандай болды?

### Жеңіліске тең жеңіс

• Пиррдің жеңісі туралы римдіктерде мынадай қанатты сөз сақталған: «Пирр жеңісі – жеңіліске тең жеңіс». Пирр өзінің жеңісі туралы: «Тағы да осындай бір жеңіс болса, біз мүлдем әскерсіз қаламыз!» – деген. Қандай жеңісті жеңіліс деп атауға болады?

### «Карфаген қиратылуы тиіс!» (Үлкен Катон)

Үшінші Пуни соғысында Рим Карфагенді біржола талқандады. Карфагеннің қираған орнына римдіктер тұз сеуіп, соқамен жыртып тастады. Жер бетінен бүтіндей бір қала жойылды.

• Карфаген не үшін жазаланды?

## РИМ ИМПЕРИЯСЫ

Б.з.д. 59 ж. Цезарь Римнің консулы болып сайланды. Ол Галлия мен Британияны жаулап алып, Римнің даңқын асқақтатты. Оның қарсыласы Римнің екінші консулы Помпей болды. Цезарь Галлияда болған кезде Помпей Римнің билігін жаулап алуға талпынды. Сол кезде Цезарь Рубикон өзені арқылы өтіп, Римге бағыт алады. Ол Помпейді Египет еліне қашып кетуге мәжбүр етеді. Цезарьдың «Жеребе тасталды! Рубикон арқылы өту!» деген сөздері қанатты сөзге айналған. Ол «Тәуекелге бел байладық! Одан кері шегінуге болмайды!» деген мағынаны білдіреді.

Цезарьдан кейін Октавиан билікке келді. Б.з.д. 29 ж. сенат оған император лауазымын берді. Римге қазіргі Венгрия, Албания, Хорватия, Босния, Герцоговина, Болгария және Британия аумақтары қосылады. Сонымен б.з.д. I ғасырда Рим империяға айналды.



## §29

ЕЖЕЛГІ РИМДІК ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫ  
МӘДЕНИЕТІ АРҚЫЛЫ ҚАЛАЙ  
АЙҚЫНДАЛАДЫ?

## Бұл сабақта сендер:

- ежелгі Рим қоғамы қандай топтардан құралғанын анықтайсыңдар;
- ежелгі Рим мәдениетінің ескерткіштерін зерттейсіңдер.

**патриций**  
**плебей**  
**термдер**  
**окедук**

## БАРЛЫҚ АДАМДАРДЫ ҚАНАҒАТТАНДЫРАТЫН ЗАҢ ЖОҚ

*(Тит Ливий, рим тарихшысы)*

Рим қоғамы **патрицийлер, плебейлер** және құлдардан құралды. Олардың құқығы бірдей болған жоқ. Патрицийлер заң шығаруға, соғыстарға қатысуға құқылы болды. Әскери қызметтері үшін олар жер үлестеріне ие болды. Басқа жерлерден қоныс аударушылар, яғни плебейлер ерікті адамдар еді, бірақ патрицийлер сияқты құқықтарға ие болған жоқ. Оларға тең құқықтар алу үшін күресуге тура келді. Қоғамның құқығы жоқ мүшелері құлдар еді.



Пантеон – құдайлар ғибадатханасы.  
2000 жыл бұрын бетоннан  
тұрғызылған



Римдіктер ғибадатхананың ішіне  
күмбездер орнатқан



Ежелгі әлемнің аумағы бойынша  
екінші кітапханасы – Түркиядағы  
Цельсий кітапханасы



Бат жеріндегі римдік **термдер**  
(хауызы бар моншалар), Ұлыбритания.  
2000 жылдай бұрын салынған

## БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫ

Ежелгі Римдегі білім берудің бастапқы баспалдағы бастауыш немесе элементарлы мектеп деп аталды, орта мектеп – грамматика, жоғарғысы – ритор мектептері болды. Жоғары білім беру жүйесі заң және медицина салаларын оқытты. Мектептердегі оқыту – латын және грек тілдерінде жүргізілді.

Римде картография, агрономия, құқық пен медицина салалары жоғары дәрежеде дамыды. Ғылыми картографияның атасы Птолемей болды. Медицина ғылымының негізін Гален қалады. Римдіктер құқықтану ілімін қалыптастырды. Қазіргі құқықтану ілімі Рим құқығы негізінде қалыптасқан. Вергилий және Гораций ұлы ақындар болды.

### Бұл қызықты

Рим моншаларының едендері мен қабырғалары көрінбейтін құбырлармен қыздырылды. Осы құбырлардың бойымен ыстық ауа жіберілді.

Римдіктер берік құрылыс материалын – бетонды ойлап тапты.

## ПОМПЕЙГЕ САЯХАТ

Помпей қаласында тұрғындарға қолайлы жағдай жасалды. Қаланың ішінде театрлар, гивадатханалар, көпірлер мен арықтар салынды. Тас төселген көшелерді бұрқақтар көріктендірді. Басты көшенің бойында сауда орындары, шеберханалар орналасты. Помпей жасыл қала еді, әсем виллалар көп болды. Империяның басқа қалалары сияқты мұнда да **акведуктар** салынды. Бұл құрылғы қаланы сумен қамтамасыз етті. Еңіс бойынша бекітілген тіреуіштердегі тас блоктар таудағы өзендерден аққан сумен суқойманы толтыруға ыңғайлы болды. Акведуктың бойымен келген су – суқоймасына құйылды.



Помпейдегі акведуктар

- Ежелгі Римнің сәулет ескерткіштері нені дәлелдейді?

### Помпейдің ақырғы күні

Б.з.д. 79 ж. тамыз айында Помпей қаласы кенеттен жойылып кетті. Везувий жеріндегі жанартау «оянды»...

- Ұлы қаланың соңғы күні қандай болған?



Карл Брюлловтың «Помпейдің ақырғы күні» суреті

## §30

## СПАРТАКТЫҢ КӨТЕРІЛІСІ ЕЖЕЛГІ РИМДЕГІ ҚҰЛДЫҚТЫ ҚАЛАЙ СИПАТТАЙДЫ?



Бұл сабақта сендер:

- Ежелгі Римдегі құлдардың жағдайын түсіндіресіңдер;
- Ежелгі Римдегі Спартак көтерілісінің себептері мен басты оқиғаларын сипаттайсыңдар.

гладиатор  
көтерілісі

## Ойланыңдар

- Римнің аса ауқатты азаматтары шаруаның немесе құлдың еңбегін пайдалана алатын. Шаруаларға еңбегі үшін жалақы төленетін. Ал құлдар 400–500 күміс теңгеге сатып алынатын еді. Мұндай ақша түрі денарийлер деп аталды. Жер иеленушіге кім қымбатқа түседі: шаруа ма әлде құл ма?

**Res non persona**

Рим құқығы бойынша құл *res non persona* болып саналады, яғни құл – адам емес, зат. Ойланыңдар, бұл нені білдіруі мүмкін?

## Рим қоғамындағы құлдар



Құлдар аса ауыр жұмыстарды атқалады



Құлдар ауыл шарушылығында жұмыс істеді



Құлдар кемелерде ескек етті



Аса ауқатты құлдар арнайы мектеп-түрмелерде гладиатор ретінде даяндалды



Халық амфитеатр алаңында гладиаторлардың жекпе-жекін тамашылады



Бірнеше құлды ұстап, архаиктер, актер, қолөнершілер болды

## ГЛАДИАТОРЛАР КӨТЕРІЛІСІ

Б.з.д. 74 ж. Капуя қаласындағы түрме-мектептен бір топ *гладиатор* қашып шықты. Гладиаторлар Везувий тауына жасырынады. Оларды тұтқынға берілуге мәжбүрлеу үшін римдіктер таудың шыңынан түсетін жолды жауып тастайды. Гладиаторлар шығатын жол табады. Жүзім сабағынан арқандар жасап, сол арқандар арқылы күзетілмейтін жақтан таудың етегіне түседі. Көтерілісшілердің бұл әрекеті римдіктерді шегінуге мәжбүр етті. Осылайша Спартак басқарған гладиатор-құлдардың *көтерілісі* басталды. Көтеріліс алдымен Оңтүстік Италияны, кейіннен бүкіл елді қамтыды.

## СПАРТАК ПЕН КРИКС

Көтерілісті Спартакпен бірге Крикс басқарды. Спартак құлдарды Италиядан шығарғысы келді. Крикс Римге қарсы күресті жалғастыруды ұйғарды. Гладияторлардың әскері екіге бөлінеді. Бір бөлігі Римге қарай аттанды. Римге бағытталған Крикс әскері римдіктермен болған шайқаста талқандалып, Крикстің өзі қаза тапты. Көтерілісшілердің екінші бөлігі Спартактың бастауымен Альпі тауларына қарай бағыт алады. Олар бар күшін жинап, Рим әскеріне тойтарыс берді.



### Дұрыс шешім қабылдау оңай ма?

- Кімнің шешімі дұрыс болды: Спартактың ба әлде Крикстің бе?



Спартак – көтерілісші-гладияторлардың көсемі

### Ойланыңдар

- Неліктен құлдар жеңіліске ұшырайтынын білсе де көтеріліске шықты?

## КӨТЕРІЛІСТІҢ ЖЕҢІЛІСКЕ ҰШЫРАУЫ

Италияның түрлі аймақтарынан көтеріліске қосылған құлдар Спартак төңірегіне жиналды. Спартакқа қарсы екі консул, Красс пен Помпейдің әскері жіберіледі. Көтерілісшілер Сицилияға отуге талпыныс жасайды. Бірақ бұл жолы олар тұзаққа түседі. Рим әскері гладияторлардың лагерін қоршап алады. Жарақат алған Спартак соңғы деміне дейін шайқасып, қалған көтерілісшілермен бірге қаза табады. Құлдардың қозғалысы аяусыз басып жанышталады.

**Бұл тарауда сендер:**

- Рим империясының қалай құрылғанын түсіндірдіңдер;
- Ежелгі Римдегі билікке сипаттама бердіңдер;
- Ежелгі Рим қоғамының қандай топтардан тұрғанын анықтадыңдар;
- жаңа терминдерді пайдаланып, римдіктердің өміріндегі өзгерістерді түсіндірдіңдер;
- рим әскерлерінің қару-жарағын сипаттадыңдар;
- Ежелгі Римдегі құлдардың жағдайын зерделедіңдер;
- Спартак басқарған құлдар көтерілісінің себептері мен барысына сипаттама бердіңдер;
- Ежелгі Римнің мәдени ескерткіштерін зерделедіңдер.

**Өздеріңді тексеріңдер**

**1-тапсырма. Сәйкестендіріңдер**

А. Рим – б.з.д. 753 ж. ... өзенінің сол жағалауында құрылған қала.	1) легиондарға
Ә. Римнің негізгі тұрғындары ... болды.	2) бұл сөздер – синонимдер
Б. Рим әскері ... бөлінді.	3) денсаулықтың және адам құқығының қорғалуын
В. Ежелгі Римнің мәдени дамуы жоғары болғандығы туралы ... мәлімдейді.	4) құрылыс
Г. Римдіктер ең маңызды деп ... санады.	5) Жерорта өңірі
Ғ. Римдіктердің ... саласындағы жетістіктері әлемдік маңызға ие болды.	6) гладиаторлар
Д. Қазіргі әлемнің Рим өркениетінен алған жетістіктерінің бірі – ол ... .	7) театрлар, храмдар, моншалар, көпірлер, каналдар, қалаларды сумен қамтамасыз ететін құрылыстар
Е. «Халық» және «сенат» ұғымдары ... болды.	8) латиндар тайпасы
Ж. Рим мен Карфаген ... үшін күресті.	9) құқық
З. Ежелгі Римде, қаза тапса да, өздерін жеңіліске ұшырадық деп есептемегендер – олар ... .	10) Тибр

**2-тапсырма**

Дұрыс тұжырымдарды анықтаңдар.

1. Консул мен сенат басқарған кезде Рим мемлекеті – Рим республикасы деп аталды.
2. Рим мен Пиррдің арасындағы соғыс Пуни соғысына жатады.
3. Б.з.д. I ғасырда Рим империяға айналды.
4. Б.з.д. 202 жылы Ганнибал римдіктерден жеңіліп қалды, өйткені Карфаген кеңесі оған көмек беруден бас тартты.

## 10

## Дәуірлер тоғысындағы Рим

## СЕНДЕР ҮЙРЕНЕСІҢДЕР

Бұл тарауда сендер ежелгі дүние тарихының соңғы кезеңі туралы білетін боласыңдар.

Ежелгі римдіктерде «Historia est magistra vitae» деген сөз бар, ол «Тарих – өмірдің ұстазы» деген мағынаны білдіреді. Басқа елдер сияқты ежелгі Рим тарихында да өркендеу және құлдырау кезеңдері болды. Римдіктер тарихи оқиғалардан өмірлік сабақ алды. Сол себепті саяси құрылысқа, әскерді ұйымдастыру ісіне, провинциялармен қарым-қатынас жүйесіне өзгерістер енгізіп отырды. Рим тарихы – өзіндік жеке дамуды іздеудегі қиын әрі ұзақ жол. Римдегі өзгерістер басқа да мемлекеттер мен халықтарға әсер етті.

Бұл тарауда сендер ежелгі дәуірдің дүниежүзілік мәдениетке қаншалықты үлес қосқаны туралы қорытынды жасауға тиіссіңдер. Сендер ежелгі заманда дүниеге келген техникалық әрі ғылыми өнертабыстар мен ғылыми ашылулардың қазіргі күні қолданысқа енгізілген бірқатар заттар мен құрылғыларға негіз жасағанын білетін боласыңдар. Ежелгі дүние елдері арасында саяси, экономикалық және мәдени байланыстар тұрақты іске асырылды. Осылайша ой-пікірлер мен жетістіктердің алмасуы жүріп отырды. Ежелгі дүниенің жетістіктері адамзат өркениетінің дамуына үлкен әсер етті.

## Ойланып көріңдер

- Империялардың өз провинцияларымен қарым-қатынасы туралы не білесіңдер?
- Неліктен империялар мәңгілік өмір сүре алмайтыны туралы ойландыңдар ма?
- Ежелгі дүние мәдениеті туралы не білесіңдер?



## §31

I–III ҒАСЫРЛАРДА РИМ ИМПЕРИЯСЫ  
ҚАЛАЙ ДАМЫДЫ?**Бұл сабақта сендер:**

- римдік қоғамда болған өзгерістерді түсіндіресіңдер;
- Рим империясының басқару жүйесіндегі болған өзгерістерді зерттейсіңдер.

**колондар**  
**азамат соғысы**  
**абсолюттік**  
**(шексіз) монархия**

**РИМ – ЕЖЕЛГІ ӘЛЕМДІК ДЕРЖАВА**

I-II ғасырларда Рим империясының құрамына Жерорта теңізінің жағалауындағы азиялық елдер, Еуропаның батыс, оңтүстік, шығыс бөліктері, Солтүстік Африка аймақтары енді. Бұл жерлер Рим империясының провинцияларына айналды. II ғасырда провинциялардың жағдайы өзгерді. Олар империяның тең құқылы бөліктеріне айналды. Алайда орталықта күшейтілген императорлық билік сақталды. Империяның барлық жерлерінде шаруашылық пен сауда белсенді дамыды.

**Рим империясының «алтын ғасыры»**

- Неліктен II ғасырды Рим тарихының «алтын ғасыры» деп атайды?
- Императордың күшейген билігі не үшін қажет?

**Құлдар мен колондар**

Құлдар мен колондардың жағдайын салыстырыңдар.

**III Ғ. – РИМ ИМПЕРИЯСЫ ДАҒДАРЫС  
КЕЗЕҢІНДЕ**

II ғ. соңында Рим империясында дағдарыс басталды. Астық өнімі төмендеп, сауданың дамуы бәсеңдеді. Дағдарыстың басты себебіне құл еңбегінің төмен нәтижелі болуы жатады. Жер иеленушілер жерді кедей шаруаларға жалға бере бастады. Мұндай шаруаларды **колондар** деп атады. Дағдарыстың нәтижесінде елде саяси тұрақсыздық күшейді. Провинция өкілдері патрицийлердің құқықтарын иелену және императорды сайлау құқығын алу үшін күресті. II ғ. соңында Рим империясында **азамат соғысы** басталды. Азамат соғысы дегеніміз – бір мемлекеттің азаматтары арасындағы соғыс.

## АБСОЛЮТТИК МОНАРХИЯНЫҢ ОРНАУЫ

Азамат соғысының нәтижесінде билікке Септимий Север келді. III ғ. бірінші ширегінде Север әулеті Рим империясында **абсолюттік (шексіз) монархияны** орнатты. Император билікті дербес иеленушіге айналды. Сенат заңдар шығару құқығынан айырылды. Императордың билігі әскерге сүйенді.

Бірақ билеуші Александр Севердің қайтыс болуынан кейін беделді әскербасшылар провинциялардағы императорларды өздері тағайындап, оларды биліктен өздері тайдырып отырды. Сөйтіп, 50 жылдың ішінде 29 «жауынгер император» ауысты.

### Империяның дағдарысы

• Неліктен «алтын ғасырдан» кейін империяда дағдарыс басталды?

### III ғасырдағы Рим

• Неліктен шексіз монархияның орнына «жауынгер императорлардың» заманы келді?  
• Қалай ойлайсыңдар, бұл империяның күшейгенін көрсете ме, немесе әлсірегенін білдіре ме?

### Бұл қызықты

III ғасырда Италия империядағы өзінің ерекше орнынан айырылды. Ол провинциялардың біріне айналды. Провинция тұрғындары Рим азаматтары мәртебесін иеленді.

## Рим империясы күш-қуатының күшеюі мен құлдырауы





## §32

IV–V ҒАСЫРЛАРДА РИМ ИМПЕРИЯСЫ  
ҚАЛАЙ ӨЗГЕРДІ?

## Бұл сабақта сендер:

- Диоклетиан императордың реформаларын сипаттайсыңдар;
- император Константиннің реформаларына сипаттама бересіңдер.

**августар**  
**цезарлар**  
**тетрархия жүйесі**

## ИМПЕРАТОР ДИОКЛЕТИАН

284 ж. Рим империясында билікке Диоклетиан келді. Ол император билігін құдайдың әмірімен берілді деп заңдастырды және өзіне тең басқарушы тағайындады. Олар өздерін *августар* деп атады әрі олардың екі көмекшісі болды. Бұл көмекшілер *цезарлар* деп аталды. Диоклетиан аға август және жоғарғы билік иесі болды. Мұндай билік жүйесі «төртеудің билігі» немесе *тетрархия жүйесі* деп аталды.

Диоклетиан провинциялардың күшеюін тежеп отырды. Ол Галлиядағы, Мавритания мен Египеттегі көтерілістерді басып жаныштады.

Б.з. IV ғ. Рим империясында жаңа дін – христиан діні таралды. Бірақ Диоклетиан христиандыққа тыйым салды, себебі жаңа дін августардың билігі құдай бұйрығымен берілгенін мойындамады. Сонымен қатар жаңа дін римдіктердің ежелгі құдайларына табынуын сынға алды. Диоклетиан христиан шіркеуі империяның бірігуін тежейді деп есептеді.



Тетрархия жүйесі

## ИМПЕРАТОР КОНСТАНТИН

Тетрархия жүйесіне сәйкес августар қайтыс болған жағдайда император билігін цезарлар иеленуі тиіс болды. Олар өз кезеңінде жаңа цезарлар тағайындады. Осылайша императордың билігі талас-тартыс объектісіне айналмауы тиіс болды.

Алайда августардың өлімінен кейін билік үшін күрес жалғасты. Константин жеңіске жетіп, 324 ж. император болып жарияланды. Константин «төртеудің билігін» жойды, бірақ империяның 4 бөлікке бөлінуін сақтап қалды. Константин 313 жылы Медиолан (Милан) қаласында арнайы жарлық шығарып, христиан дінін басқа діндермен тең дәрежеге жеткізді. Христиандарды қуғындау тоқтатылды.

Константин Рим империясының астанасын Босфор бұғазы жағалауындағы Византия қаласына көшіреді. Константин Византияны алдымен «Жаңа Рим», ал кейін – Константинополь деп атады. Қала – Тюхаға, яғни бақытты тағдыр құдайына арналды. Қазіргі кезде бұл қала Стамбұл деп аталады.

### Бұл қызықты

Константиннің тұсында жоғарғы мемлекеттік қызмет 6 буыннан тұрды: алтыншы – «хорнектілер», бесінші – «жетілгендер», төртінші – «ізеттілер», үшінші – «ақсақалдар», екінші – «мәртебелілер», бірінші – «бекзаттылар».

### Диоклетианның мақсаты

- Диоклетиан өз реформасын қандай мақсатпен жасады?

### Константин тұсындағы империя

- Константиннің реформалары Рим империясының дамуына қалай әсер етті?



Солд – Константин енгізген алтын монета

### Ойланыңдар

328 жылдың күзінде жаңа астананың құрылысы басталды.

- Не себепті Константин империя астанасын көшіруді жөн көрді?



Англияның Йорк қаласындағы Константиннің ескерткіші

## §33

# ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕНІҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ ҚАНДАЙ?

### Бұл сабақта сендер:

- қоғам өміріндегі жазудың ролін түсіндіресіңдер;
- ғылымның дамуына шаруашылықтың ықпалын зерттейсіңдер;
- ежелгі дүние мәдениетін сипаттайсыңдар.

**мәдени мұра**  
**гномон**  
**клепсидра**  
**«вавилон сапырылысы»**

### Ойланыңдар

- **Мәдени мұра** – бұл өткеннен қалған мұра. Ол келесі ұрпаққа аса құнды аманат ретінде қалдырылады. Адамзат тарихы бойынша түрлі салаларда пайда болған ең маңызды жетістіктер мысалдарын келтіріңдер.

### • Жазу қалай дамыды?

Сөздерінің	Египет	Грек
κ	ⲕ	Α
φ	ϕ	Β
λ	λ	Γ
Δ	Δ	Δ
α	Ⲁ	Ε
γ	γ	Υ
ι	ι	Ι
η	η	Η

- Неліктен жазудың ойлап табылуы мәдени мұраның қатарына жатады?

### Жазудың рөлі

- Неліктен жазу адамның ең маңызды жетістіктерінің біріне жатады?

### ЕЖЕЛГІ ЖАЗУ

Жазу – адамның бірегей өнертабысы. Алғаш барлық жерде суретті жазу – пиктограмма пайда болған. Кейін ежелгі шумерлер сына жазуы ойлап тапты. Ежелгі Египет пен Қытай жазуы иероглифтер деп аталады. Жекелеген әріптерден құралған жазу тұңғыш рет Финикияда қалыптасты. Бұл әліпби жазуы болды. Ол қазіргі жазудың негізін қалады.

### ЕЖЕЛГІ ӨНЕРТАБЫСТАР

Ұлы хирург Гиппократ медицина саласында ант жазып қалдырған. Әлемнің барлық дәрігерлері өз қызметін осы антпен бастайды.

Архимед «шексіз» бұраманы ойлап тапты. Бұрама – шахталар мен кеме трюмінен суды айдап шығаратын құрылғы. Оны егіндерге су жеткізу үшін де пайдаланды.

Ежелгі Вавилонда күн сағаты ойлап табылды. Олар уақытты **гномонның** түсірген көлеңкесі бойынша анықтаған.

Су сағаттары **клепсидра** деп аталды. Онда су бір ыдыстан екінші ыдысқа ағып өтетін. Осылайша қанша сағат «ағып» кеткенін, яғни өткенін анықтаған.



Клепсидра



«Шексіз» бұрама



Гномон



Зиккурат

## ЕЖЕЛГІ СӘУЛЕТ ӨНЕРІ

Адамдардың ғажайып табыстарының бірі – жер астындағы қалалар. Мұндай қалаларға адамдар соғыс барысында немесе табиғи апат кезінде жасырынған. Жерасты қалаларында наубайханалар, ұстаханалар мен қару-жарақ шеберханалары, ауа тазартқыш шахталар салынған. Су терең құдықтардан әкелінген. Бұндай қаланың үлгісі ретінде қазіргі Түркия аумағында орналасқан хеттік Дерикую қаласын атауға болады. Қазіргі Ирак аумағында Вавилонның жетіқабатты зиккураты сақталған. Бұл туынды – архитектуралық шедевр деп саналады.

### Бұл қызықты

Ежелгі заманнан осы күнге дейін жеткен көптеген «қанатты сөздердің» бірі – «*вавилон сапырылысы*».

Библияда Вавилон мұнарасының құрылысы туралы аңыз бар. Вавилон патшасы Жер мен Аспанды жалғастыратын алып мұнара салуды жоспарлайды. Бұл туралы естіген Құдай қатты назаланып, жаза ретінде адамдардың тілін әртүрлі етіп жібереді. Құрылысшылар бір-бірін түсінуден қалып, құрылыс тоқтайды. Содан бастап, бұл оқиға «вавилон сапырылысы» деген қанатты сөзге айналып кетеді. Ол «хаос», «түсініспеушілік» деген мәнді білдіреді.

## ГИППОКРАТ АНТЫ

... МЕНІ ДӘРІГЕРЛІК ӨНЕРІНЕ  
ҮЙРЕТКЕН АДАМДЫ АТА-АНАММЕН  
ТЕҢ ДӘРЕЖЕДЕ ЕСЕПТЕУІМЕ  
АНТ ЕТЕМІН.

... ЕШКІМГЕ ЮСІНІ ӨЛІМГЕ  
ҮШЫРАТАТЫН ДӘРІ БЕРМЕЙМІН,  
ӨРІ ОНЫ ЖАСАУ ТӘСІЛІН  
КӨРСЕТпеймін; ... ӨМІРДЕ, ІЛІМДЕ  
ДЕ ТАЗА ӨРІ АДАЛ БОЛАМЫН ...

ҚАЙСЫ ҮЙГЕ КІРСЕМ ДЕ  
НАУҚАСТЫҢ ҚАМЫН ОЙЛАЙМЫН,  
ӨДЕІ ҚИЯНАТ ПЕН ҚАСТАНДЫҚ  
ЖАСАУДАН ... АУЛАҚТЫН  
ЕМДЕУ КЕЗІНДЕ, СОНДАЙ-АҚ,  
ЕМДЕМЕГЕН КЕЗДЕ ДЕ, АДАМ  
ӨМІРІНДЕП МҮЛДЕМ

ЖАРИЯЛАУҒА БОЛМАЙТЫН  
ЖАЙЛАРДЫ КӨРГЕНІМДІ НЕМЕСЕ  
ЕСТІГЕНІМДІ ҚИЛИЯ ЕСЕПТЕП,  
ЖАН БАЛАСЫНА АЙТПАЙМЫН,  
АНТТЫ БҮТКІЗІП  
ОРЫНДАҒАНЫМ ҮШІН ӨМІРДЕ ДЕ,  
ІЛІМДЕ ДЕ БАҚЫТТЫ БОЛЫП,  
ЕЛ АРАСЫНДА МӘНГІЛІК  
ДАНҚА БӨЛЕНГЕЙМІН;  
ЖАЛҒАН АНТ БЕРІП, ҚЫЛМИС  
ЖАСАҒАНДАРДЫ АНТ АТСЫН.



